Е.В. Солодова – к.б.н., заведующий кафедрой «Биохимическая инженерия» Международного инженерно-технологического университета, Алматы, Казахстан, E-mail: Neftgas@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0136-4220>;

А.Т. Кожаберенов – кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор кафедры «Технология и безопасность пищевых продуктов» Казахского национального аграрного исследовательского университета, Алматы, Казахстан, E-mail: kozhabergenov79@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5963-1435>;

С. Козыкан – кандидат технических наук, ассоциированный профессор кафедры «Технология и безопасность пищевых продуктов» Казахского национального аграрного исследовательского университета, Алматы, Казахстан, E-mail: Sabira.713@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2385-39177>;

Л.К. Бупебаева – кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор кафедры «Зооинженерия» Казахского национального аграрного исследовательского университета, Алматы, Казахстан, E-mail: ms.bupebaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3838-6685>.

Аннотация. В статье изложены особенности приготовления химических препаратов для санитарного приготовления, в зависимости от вида работ мясного производства. Приведена схема мест предубойной базы отдыха скота, убойной площадки, мест мясопереработки, морозильников, производственных мест переработки мяса, заготовок консервов и др. Отмечается, что все санитарные работы при подготовке к убою, убою и первичной обработке туш, принятые с целью получения качественного мяса и мясопродуктов, выполняются технологическим методом. Остановился на особенностях приготовления химических препаратов в процессах санитарной дезинфекционной обработки, производимых по технологическим методам, с правильным применением соответствующих технологических методов для убоя после приема скота, убоя, первичной обработки туш, переработки побочных продуктов и получения мяса. Обобщены все данные по определению основных производственных мощностей, основных производственных мощностей в мясной промышленности. И технология обработки продуктов, и канатные дороги способ группировки технологического потока основан на передаче продукта в процессе расчета продукта и межцеховой транспортировке тяжелых грузов. Основные свойства: отсутствие загрязнения продукции в процессе переработки; удобство в условиях комплексной обработки без дополнительной подвижной операции; обеспеченность необходимыми санитарно-гигиеническими условиями в цехах; необходимость установки санитарно-защитной зоны между производственными зданиями и соседними предприятиями в соответствии с требованиями ветеринарно-санитарного контроля. В местах переработки видов животноводческой продукции указаны мощность цеха с целью повышения качества мяса, используемые в нем установки, производительность подвесных конвейеров, размеры рабочих мест по длине.

Ключевые слова: мясо, качество, санитария, технология, установка, методы расчета производства.

Кіріспе. Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі үш бағытын атап өтті: жаңа технологияларды енгізу және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді арттыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы саласының экспорттық әлеуетін іске асыру (Ramazanova, et al, 2019). Ет және ет өнімдері айтарлықтай құнды азық-түлік тағамдары қатарына жатады. Ет құрамына енетін компоненттер ағзаның тіршілік эрекетін реттейтін қажетті жүйенің биосинтезіне, ұлпаның пайда болуына, сонымен қатар энергиялық шығынды өтеуге қажетті негізгі материал ретінде қызмет етеді. Сондықтан оны өндіру процесінде технохимиялық бақылау - шикізаттың, жартылай, немесе дайын өнімнің сапасын, сонымен бірге дұрыс өңделінуін, технологиялық процестердің дұрыс жүргізілуін анықтау болып табылады (Байзакова, 2019)

Мұнда сапалы ет және ет өнімдерін алу мақсатында атқарылатын жұмыстар процестеріне байланысты алынатын өнімдер үшін тиісті технологиялық әдістерді дұрыс қолдану арқылы, жасалынатын жұмыстарды атқаратын қондырғылар,

машиналар мен аппараттардың жұмысына көп көңіл бөлу арқылы қосымша техномиялық бақылау шараларын қатар жүргізіп отыру басты мәселесі.

Өнімнің биологиялық, органолептикалық және тағамдық жағынан көрсеткіштерінің төмендігі көп жағдайда өндіріс орындарындағы жұмыс әдістерінің технологияға сәйкес келмеуінен. Өнім сапасының басты сипаттамасы - қасиетінің тұрақтылығы. Ол сақтау, тасымалдау және сату кезінде өнімнің тағамдық құндылығы мен қауіпсіздігінің өзгеру деңгейі болып табылады. Әр уақытта да кәсіпорындағы еңбек өнімділігінің деңгейін өзара тығыз байланыстыратын екі фактор - өндіріс технологиясы мен оны іске асыратын техникалық құрал-жабдықтар (Асенова, т.б., 2022).

Экономикалық тұрғыдан алғанда шаруашылықтардан малды өндіріс орындарына тасымалдау кезіндегі атқарылатын іс әрекеттер малдан алынатын ет сапасын жақсарту арқылы орындалып отырады және тасымалдау көлігінің түрі, сапасы, малды көлікке тиеу және түсіру, тасу жылдамдығы, жол жағдайы т.б. жұмыстары қарастырылады. Мал сою орындарында сойысқа дайындаған мал тірілей салмағы, еттің шығымы мен сапасы бойынша малдәрігерлік тексеруден өткізіліп барып қабылдануы керек. Ет өндіру саласында малды союға әзірлеу үшін алғашында сұрыпталынады, әртүрлі тексеруден өткізіледі, таразыға тартылғаннан кейін жасына, жынысына байланысты арнайы алаңдарға орналастырылады. Және малды ұстау мерзімі екі тәуліктен аспауы керек.

Қазақстандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін басқа елдермен бірлескен жоғары технологиялық жобаларға қатысу арқылы арттыру - басқа елдермен бірлескен жоғары технологиялық жобаларға сәйкес зерттелетін үлгілердің құрамы мен қасиетін анықтаудың заманауи әдістерінде химиялық, физика-химиялық, физикалық және биологиялық бақылауды қолданып отыру (Асенова, т.б., 2020).

Мал сою орындарында ұшаны тазалау, таразылап, ұшаның категориясына қарай таңба түрлерін басу, ұшаны бөлу, жетілдіру және сақтау кезіндегі операциялардың барлығы технология бойынша орындалатыны ескеріледі. Ондағы арнайы техномиялық бақылау құралдар және реактивтердің көмегімен шикізат пен дайын өнімнің сапалық және сандық құрамын, ақуыз, май, ылғал мөлшерлерін, құрылымдық-механикалық қасиеттерін, түстік сипаттамасын және басқа да көрсеткіштерін анықтайды (Khusain, et al, 2021).

Зерттеу материалдары мен әдістері. Негізінен сойыс малдарын өңдеу және өндіру ісі өндірістік қуаты мен техникалық деңгейі әртүрлі кәсіпорындарда әрқалай жүзеге асырылады. Қазақстанда ет өңдеу мақсатындағы кәсіпорындардың төмендегідей түрлері бар:


- қасапхана - мал түрлерін сою қасапханалары, немесе алғашқы өңдеу жұмысы ғана жүргізілетін қарапайым кәсіпорын;

- өнімді салқындатып, мұздатқыш орындар - қасапхана және мұздатқыштармен қамтылған кәсіпорындар;

- ет комбинаты - мал союдан бастап барлық өнімдерін өңдеу және қайта өңдеу арқылы дайын өнім түрлерін шығару кәсіпорны.

Ет өнеркәсібіндегі басты өндіріс орыны - ет комбинаты. Ондағы негізгі өндірістер - ет-май өңдеу орындары, мұздатқыштар және етті қайта өңдеу орындары. Шығаратын өнім түрлерінің санына байланысты (қуаты) ет комбинаттарын мынадай бөліктерге бөлінеді: кішігірім (қуаттылығы ауысымда 50т), орташа (қуаттылығы ауысыма 50т-дан 100 т-ға дейін) (қуаттылығы ауысымда 100т-дан жоғары) (Blackwell Publishing, et al, 2006).

Ет комбинаттарының қандай түрі болмасын, олар негізгі және қосымша өндірістік орындардан тұрады. Негізгі өндіріс орындарына малды сою алдындағы тынықтыру базасы, сойыс алаңы, ет-май өндіру орындары, мұздатқыштар, етті қайта өңдеу өндірістік орындары және т.б. орындар (1 - сурет).



Сурет1 Мал сою және ет өнімдерін өңдеу орындарының жобасы

Мал етін алу орындарындағы қоршаған ортаны қорғау саласы мақсатында көң, бензин, майұстағыш тазалау құрылғыларымен, құмұстағыш, лайтұндырғы және пайдаланған суды дезинфекциялау-тазалау ерітінділерімен жабдықталған орындар, материалдар мен құрал-саймандарға арналған қойма, қызметкерлер үшін жуынып-шайынатын бөлме және карантинді оқшаулағыш, санитарлы сойыс алаңы. Ол алаң сойысқа дайындалған ауырғаны күмәнді және ауру малдарға арналған: уақытша мал ұстау қорасы, мал сою және ұшаны өңдеу алаңы, малдың қосымша өнімдері мен қосалқы өнімдерін өңдеу және теріні дезинфекция жасау мен етті стерильдеу орындары, өнім түрлерін салқындату және мұздату камералары (Christopher, et al, 2019).

Тазаланған ұша етті ұқсату немесе қайта өңдеу орындарында жалпы салмағы мен сапасы бойынша тоңазытылып, жетілдіріліп болғанан кейін қабылданады. Мал сою алдындағы тынықтыру базасында қабылдау және уақытша тынықтыру жұмыстары атқарылады.

Мал сою және ет өнімдерін алу технологиялық жабдықтары мынадай топтарға бөлінеді.

Көтеру-тасымалдау жабдықтары:

- аспалы жолдар мен конвейерлер және оларға қызмет көрсету жабдықтары;
- едендік қозғалмалы (мысалы арбаша) және тұрақты көтеру-тасымалдау жабдықтары.

Аспалы жолдар технологиялық ағынның топтасу тәсілі болып табылады. Ол өнімді есептеу процесіндегі өнімнің берілісіне және ауыр жүктерді цехаралық тасымалдауға негізделген. Негізгі қасиеттері: қайта өңдеу процесі кезінде өнімнің ластануы болмайды; қосымша қозғалмалы оперциясыз жан-жақтан өңдеу жағдайына ыңғайлы болуы; цехтарда талап етілетін санитарлы-гигиеналық жағдайларын қолдану мүмкіншіліктері қамтамасыз етілуі; ветеринарлы-санитарлық бақылау талабына сәйкес болуы керек (Nyamakwere, et al, 2017).

Аспалы жолдар жіктелімі бойынша: салмақ түсу бойынша конвейерлі немесе конвейерсіз; орналасуы бойынша жазықтықты (тік, көлденең, көлбеу) және кеңістікті; салмақ құрылымы бойынша түрі бойынша аспалы, шынжырлы, арқанды шнекті және штангілі; орналасуы бойынша малдың бір түрін қайта өңдеуге арналған қарапайым аспалы жолдар және бірнеше түрін қолданады. Мал сою жабдықтарына жататындар: тері сыпыру; қыл, жүн тазалау; ішек өңдеуге арналған. Жұмыс орнының жалпы ұзындығына ұшалар арасының ара қашықтығы және жұмыс операциясының орындалуы енеді (Сидоров, и др., 2019).

Мал сою орындарының ғимараттарындағы көрші кәсіпорындар аралығы санитарлық-қорғау аймағы болуы тиіс: ірі қараға арналған еткомбинатындағы мал қабылдау, сою, жуып-шаю, мал таситын вагондарды дезинфекция жасау алаңында ені 500 м-ден кем болмауы; үш тәуліктік шикізат қоры бар малқорасымен бірге алғанда ені 100м-ден кем болмауы тиіс.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Мал етін өндіру және өңдеу кәсіпорындарына қойылатын талаптарда - техникалық жабдықталуы күшті, қажетті технологиясы және білікті жұмысшылары мен қызметкерлері бар өндіріс орындары болуы. Өндірістік ғимараттар мен көрші кәсіпорындар аралығына санитарлық-қорғау аймағы орнатылуы тиіс: таза су және суды салқындату мен жылытуға байланысты энергияны тұтыну орны (Abdykerova, et al, 2019).

Қазақстанның көптеген өнеркәсіптік қалаларында ауаның ластану деңгейі көлік құралдарының, қазандықтардың және өнеркәсіптік қондырғылардың шығарындыларына байланысты қолданыстағы стандарттардан бірнеше есе жоғары. Ет өнеркәсібі кәсіпорындарында Кеден одағы ережелерінің талаптарына сәйкес құрамы бойынша ерекшеленетін ағынды суларды бөлек бұру үшін бірнеше ішкі кәріз жүйелерін жобалау жүзеге асырылады. Пайдаланылған суларды әдетте бес негізгі ағынға бөледі: құрамында майы бар, құрамында көні бар, санитарлық қасапхананың, карантин мен изолятордың ағынды сулары, сондай-ақ қалған ағынды сулар (шаруашылық-нәжіс және құрамында маймен ластанған). Сонымен қатар, жаңбыр мен еріген суды, сондай-ақ ғимараттардың аумақтары мен шатырларын бұру үшін дренаж жүйесі жобаланады. Ет өнеркәсібі

кәсіпорындарын жобалау кезінде құрамы бойынша бөлінетін сарқынды сулардың түрлерін бөлек бұру үшін бірнеше ішкі кәріз жүйелері көзделеді (Федоренко, и др, 2016).

Ет және ет өнімдерін тасымалдауға арналған көлік құралдары күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін тамақ қалдықтарынан щеткамен және сыпырғымен тазартылып отыруы тиіс. Ерітіндіге қосылатын химиялық қоспа - 1-2% белсенді хлор, немесе 0,1% натрий дихлоризоциануратының ерітіндісі бар 2% каустикалық сілтінің ерітіндісі, немесе хлорлы әк ерітіндісі. Сойылған малдарды кәсіпорынға жеткізетін көлік құралдары арнайы жабдықталған алаңда өңделеді. Механикалық тазалаудан кейін машина борты шлангтан сумен жуылады және формальдегидтің 2 % ерітіндісімен, я болмаса, 2% ыстық каустикалық сода ерітіндісімен немесе құрамында 2-3 % белсенді хлор бар ағартылған хлорлы әк ерітіндісімен жуылып, соңынан таза сумен шайылады. Өндіріс орнындағы қоқысты шығаруға арналған көлік күн сайын жұмыс соңында натрий дихлоризоцианурат ерітіндісімен өңделінеді. Ерітінді құрамы кемінде 52% хлор бар ұсақ кристалды ақ немесе сәл қызғылт ұнтақ түрінде болады. Ал 0,1% натрий дихлоризоциануратының концентрациясы 0,05% белсенді хлордың құрамын алмастыра алады. Профилактикалық дезинфекциялау үшін натрий дихлоризоциануратын қолданар алдында ұзақ уақыт сақтағаннан кейін оның құрамындағы белсенді хлордың мөлшері анықталады. Мұнда 1 литр дезинфекциялық ерітінді дайындауға арналған препараттың қажетті мөлшерін анықтау:

$$X = \frac{0.05 \cdot 1000}{B}, \quad (1)$$

мұндағы X - 1 литр суға қажетті дезинфекциялық зат мөлшері, г;

0,05 - жұмыс ерітіндісіндегі белсенді хлордың қажетті концентрациясы;

B - препараттағы белсенді хлор, %;

1000 - қайта есептеу коэффициенті.

Ал натрий сульфаты ерітіндісінің 0,1 н титр түзету коэффициентін анықтау - 0,15-0,2 г мөлшерінде тұрақты салмаққа дейін кептірілген екі мовоқышқылды калий суспензиясын 50 мл суда ерітеді де, оған 2 г калий йодид, немесе 8 мл концентрацияланған тұз қышқылы, немесе 10 мл күкірт (1:2) қосылады. Ерітіндіні араластырылғаннан соң мөлшерін 400 мл-ге дейін жеткізіп, ол бөлінген йод натрий сульфатының 0,1 н ерітіндісі көмегімен қоңырдан сары-жасыл түске дейін өзгереді. Ары қарай 1,5-2,0 мл крахмал ерітіндісін қосып, көк түстен изумруд жасыл түске дейін ауысқанша титрлеу жалғастырылады. Сонымен қатар, қосымша титрлеуді бақылау жүргізіледі, онда 50 мл суға 1 г калий йодид, 8 мл концентрацияланған NOI немесе 10 мл H_2SO_4 (1:2) қосылады да қосымша 400 мл-ге дейін су құйылады, 1,5-2,0 мл крахмал ерітіндісі қосылады және жоғарыда сипатталғандай натрий гипосульфитімен титрленеді.

K коэффициентін түзету формуласын есептеу:

$$L_o = t_o v \cdot 1,2 \quad (2)$$

мұндағы a -калий бихроматының сынамасы, г;
 v - титрлеуге жұмсалған 1,0 н натрий сульфаты ерітіндісінің көлемі, мл;
 v_1 - титрлеуді бақылауға жұмсалған 0,1 н натрий сульфаты ерітіндісінің көлемі, мл;

0,0049035 - қайта есептеу коэффициенті.

Сойылатын мал және қосымша жұмыстарды атқаратын көліктерді химиялық ерітінділермен өңдеу үшін белсенді хлордың (X) мөлшерін мына формуламен анықтайды:

$$X = \frac{(a - b) \cdot K \cdot 0,3545}{p} \quad (3)$$

мұндағы a - көлемі 0,1 н титрлеуге кеткен натрий сульфаты ерітіндісі, мл;
 b - титрлеуді бақылауға жұмсалған 0,1 н натрий сульфаты ерітіндісінің көлемі, мл;

K - натрий сульфатының титрлеуді түзету коэффициенті;

0,3545 - қайта есептеу коэффициенті;

p - сынама, г (Сидоров, и др., 2019).

Ет өндірісінде ары қарай атқарылатын жұмыс малды союдың технологиялық әдістеріне қажетті құрал жабдықтар.

Мал өнімі түрлерін өңдеу орындарында цех қуатына қарай қондырғылар есептелініп алынады. Үзіліссіз әрекеттегі мал сою және ұшасын өңдеуге қажетті қондырғыларды анықтау жағдайында:

$$N = \frac{A}{QT} \quad (4)$$

Ал үзілісті әрекеттегі қондырғылар үшін мына формуланы қолдануға болады:

$$N = \frac{A}{Q_1 K} \quad (5)$$

мұндағы N - қондырғы саны;

A - бір ауысымдағы шикізат мөлшері, кг;

Q - қондырғының сағаттық өнімділігі, кг;

T - ауысым ұзақтығы, сағ;

Q_1 - машинаға бір мезгілде арту өнімділігі, кг;

K - ауысымдағы цикл саны ($K = T/t$);

t - цикл ұзақтығы.

Қондырғылар өнімділігі каталог немесе машина паспортына қарай алынады. Мал сою орындарында өңдеу желісінің өткізу қабілеті, желідегі ілгіш жолы бар конвейердің жылжу жылдамдығымен алынады:

$$v = \frac{AR}{60T} \quad (6)$$

мұндағы v - шынжырлы конвейердің жылжу жылдамдығы, м/мин;

A - цех өнімділігі, бас/ауысымда;

R - конвейердегі жұмыс саусақтарының ара қашықтығы, м (ірі малдар үшін 1,8 м.).

Конвейер желісінің ұзындығын келесідей анықтауға болады:

$$L = v \cdot t; \quad (7)$$

мұндағы L - конвейер ұзындығы, м;

t - операция ұзақтығы, мин.

Конвейер бойындағы жұмыс істеу орны келесідей анықталынады:

$$L_o = t_o v \cdot 1,2, \quad (8)$$

мұндағы L_o - жұмыс орнының ұзындығы, м;

t_o - өндірістік операцияны орындауға қажет уақыт, мин;

1,2 - тәжірибелік шарттарды ескерудегі түзету коэффициенті. Конвейерсіз жұмыс жағдайында жұмыс істеу орындары ірі малдар үшін орташа 2 м; ұсақ малдар мен шошқаны өңдеу үшін 1,5 м. Мұнда жұмыс істеу орнының ұзындығы жасалынатын операцияларға байланысты есептелінеді (Асенова, т. б., 2022).

Мал сою орындарында смена жұмысы аяқталғаннан кейін алаң бастапқыда кірден, қаннан, шырыштан және т.б. тазартылады. Содан кейін барлық технологиялық кондырғылар мен жабдықтар, сою цехының және оған іргелес алаңдардың едендері мен қабырғалары: салқындалу бөлімшесі, ішек және қосалқы өнім цехы (үстелдер, ванналар, бассейндер, арбалар, конвейер, аралар және т. б.) бастапқыда химиялық ерітінділерімен дезинфекцияланып, 30-45 минуттан кейін ыстық су ағынымен шайылады. Мал сою алаңындағы барлық технологиялық жабдықтарды тазалауға қажетті жуып-дезинфекциялағыш құралдары ретінде -2% «Демпа» ыстық ерітіндісі, 0,1-0,2% ыстық каустикалық сода ерітіндісі, 0,15-0,3% «Каспос» ыстық ерітіндісі пайдаланылады.

«Каспос» ерітіндісі - сыртқы түрі сарғыш келген құрамында 40-42% каустикалық сілтілер және 2%-ға дейін басқа тұздар бар сұйықтық. Суда жақсы ериді. Ерітіндіні дайындау мөлшері 1- кестеге сәйкес жүргізіледі.

Кесте 1 «Каспос» препаратының ерітіндісін дайындау кестесі

Ұсынылатын % каустикалық сода ерітіндісі	«Каспос» препараты ерітіндісі, %	Литрмен алу керек	
		«каспос» препараты	су
0,1	0,15	0,15	99,85
0,2	0,3	0,3	99,7
0,3	0,45	0,45	99,55
0,5	0,75	0,75	99,25
1,0	1,5	1,5	98,5
1,5	2,25	2,25	97,75
2,0	3,0	3,0	97,0
3,0	4,5	4,5	95,5
5,0	7,5	7,5	92,5
10,0	15,0	15,0	85,0

«Каспос» препаратындағы каустикалық сілтілердің құрамын, 8г-дық сынама бойынша кристалды каустикалық натри құрамындағы каустикалық натрийды анықтау әдістемесі арқылы жүргізіледі.

Мал сою алаңдарын, технологиялық қондырғылар мен жабдықтарды КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық дезинфекция, дезинвазия, дезинсекция және дератизация жүргізу жөніндегі қолданыстағы нұсқаулығын басшылыққа ала отырып дезинфекциялау құралдары ретінде - құрамында 2% белсенді хлор бар хлорлы әк ерітіндісі, формальдегидтің 2% ерітіндісі, 2% ыстық (80°С) каустикалық сода ерітіндісі, 3% каустикалық натрий және 3% формальдегид бар формальдегидтің сілтілі ерітіндісімен өндейді.

Ал қарапайым жабдықтарды (пышақтар, қайшылар, кескіштер, мусаттар, және т.б.) жуып-дезинфекциялау ерітіндісінен өткеннен кейін сумен шайып, стерилизаторларда бу қысымымен өндеп майсыздандырылады. Артып тиеу орындарын және ондағы қондырғылар мен жабдықтарды дезинфекциялауға әк ерітіндісі пайдаланылады. Ал екінші әдісінде ерітінді дайындауда алдымен құрғақ хлорлы әктегі белсенді хлордың құрамы анықталады, содан кейін төмендегі кестені қолдана отырып, қажетті концентрациядағы ағартылған ерітіндінің қажетті мөлшерін дайындау үшін хлорлы әктің қажетті мөлшері есептеледі (2 - кесте) (Асенова, т. б., 2020).

Кесте 2 -Тығыздығына байланысты хлорлы әк ерітінділеріндегі белсенді хлор мөлшері

Ерітіндінің тығыздығы, 20°/4°С жағдайда	Хлорлы әк ерітіндісінің г/л құрамындағы белсенді хлордың мөлшері	Ерітіндінің тығыздығы 20°/4°С жағдайда	г/л хлорлы әк ерітіндісіндегі белсенді хлордың мөлшері
1,0025	1,40	1,0350	20,44
1,0650	2,71	1,0400	23,75
1,0100	5,58	1,0450	26,62
1,0150	8,48	1,0500	29,60
1,0200	11,41	1,0550	32,68
1,0250	14,47	1,0600	35,81
1,0300	17,36	1,0650	39,10

Ағартылған ерітіндіні дайындау үшін мөлшермен өлшенген ағартқыш тиісті контейнерге енгізіледі, су құйылып, араластырылады да, тұндырылғаннан кейін бір күн ішінде тұнбадан алынған жоғарғы мөлдір қабат төгіліп, дезинфекциялау үшін қалған ерітінді қолданылады. Концентрацияланған ерітіндіден арнайы қондырғыларды өндеуге арналған жұмыс ерітіндісін дайындау үшін мына формула қолданылады:

$$A_{мл} = \frac{B \cdot B \cdot 1000}{K}, \quad (9)$$

мұндағы $A_{мл}$ - хлорлы әктегі концентрацияланған ерітінді мөлшері, мл;

B - дайындалуы керек ыдыстағы жұмыс ерітіндісінің мөлшері;

B - 1 литр жұмыс ерітіндісіндегі белсенді хлордың мөлшері, мг;

К - концентрацияланған ерітіндінің мг/л құрамындағы белсенді хлордың мөлшері.

Титрлеу арқылы хлорлы әк ерітіндісіндегі белсенді хлордың құрамын анықтауда 50 мл 2% калий йодидіне 50 мл тазартылған су және қышқылдандыру үшін 5 мл күкірт қышқылы ерітіндісі (1:5) құйылады. Шайқағаннан кейін 1 мл хлорлы әк ерітіндісін қосып, алынған қоспаны 0,1 н гипосульфит ерітіндісімен титрлейді. Титрлеудің соңында 1 мл 1% крахмал ерітіндісі (индикатор) қосылады және титрлеу сұйықтықтың толық түссізденуіне дейін жалғасады. Ерітіндідегі белсенді хлордың пайызын мына формуламен анықталады:

$$X = 0,3546 \cdot a, \quad (10)$$

мұндағы 0,3546 - қайта есептеу коэффициенті;

a - титрлеуге кеткен гипосульфит ерітіндісінің 0,1 н мөлшері.

Ет өндіру орнындағы қондырғылар орналасқан алаңды химиялық ерітіндімен дезинфекциялау үшін құрғақ хлорлы әктегі белсенді хлордың құрамын анықтау қажет. Мұнда 200-250 мл колбаға 0,5 г хлорлы әк салынып, шайқағаннан кейін цилиндрге жеке 100 мл тазартылған су құйылады. Одан 35 тамшы ерітінді алынып колбаға құйылады да шайқап араластырғаннан кейін ерітіндіні цилиндрдегі суға құйылады. Осыдан кейін колбаға 2 г калий йодиді, 15 тамшы тұз ерітіндісі немесе 25 тамшы сірке қышқылы қосылады. Бұл жағдайда сұйықтық қара қоңыр түске боялауы тиіс. Ары қарай 2 г гипосульфитті өлшеп алып аздап колбадағы ерітінді толығымен түссізденгенше колбаға салып отырады. Содан кейін колбаға қосымша 2-3 тамшы тұз немесе сірке қышқылы қосылады. Бояу пайда болған кезде титрлеу сұйықтықтың толық түссізденуіне дейін жалғасады. Осыдан кейін қалған гипосульфит өлшенеді және оның қанша мөлшерде жұмсалғанын анықтайды.

Белсенді хлордың пайызын келесі формула бойынша анықталынады:

$$X = \frac{0,142 \cdot B \cdot 100}{500}, \quad (11)$$

мұндағы x - белсенді хлордың анықталатын пайызы;

0,142 - гипосульфиттің бір салмақ бірлігіне баламалы хлор мөлшері;

B - гипосульфиттің миллиграмм өлшемдері бойынша жұмсалған саны;

500 мг - зерттелетін хлор әгінің сынамасы.

3-кестеден белсенді хлордың пайыздық мөлшерін анықтауға болады.

Кесте 3 - Белсенді хлордың пайыздық мөлшерін есептеу жолдары

Жұмсалған кристалды натрий гипосульфитінің мөлшері, мг	Хлорлы әктегі белсенді хлордың мөлшері, %	Жұмсалған кристалды натрий гипосульфитінің мөлшері, мг	Хлорлы әктегі белсенді хлордың мөлшері, %	Жұмсалған кристалды натрий гипосульфитінің мөлшері, мг	Хлорлы әктегі белсенді хлордың мөлшері, %
1	0,0284	10	0,284	100	2,84
2	0,0568	20	0,568	200	5,68
3	0,0852	30	0,852	300	8,52

4	0,1136	40	1,136	400	11,36
5	0,1420	50	1,420	500	14,20
6	0,1700	60	1,700	600	17,00
7	0,1990	70	1,990	700	19,90
8	0,2270	80	2,270	800	22,70
9	0,2550	90	2,550	1000	28,40

Кесте бойынша анықтауда 0,5 г хлорлы әкті титрлеу үшін 123 мг натрий гипосульфиті жұмсалады. Зерттелетін хлорлы әктегі белсенді хлордың пайызын есептеу үшін 100, 20 және 3 сандарын тақ бағандардан алуға болады. Жұп бағандардағы тиісті сандардың қосындысы зерттелетін хлорлы әк сынамасындағы белсенді хлор құрамының пайызын көрсетеді. Олай болса 100 саны 2,84 жұп бағанында, 20 саны - 0,568 және 3 саны - 0,0852-ге сәйкес келеді. Олардың қосындысы $2,84+0,568+0,0852=3,4932\approx 3,49$. Зерттелетін хлорлы әктің құрамында 3,49% белсенді хлор бар. Осы есептеулер негізінде химиялық препараттармен дезинфекциялауға қажет ерітінді мөлшерін дайындау жалпы жұмыс орнының ауданы бойынша есептеліп алынады (Серегин, и др., 2018). Жұмыс орнының жалпы ұзындығына ұшалар арасының ара қашықтығы және жұмыс операциясының орындалуы енеді. Келесі 4 - кестеде жұмыс орындарының жалпы ұзындығы берілген.

Кесте 4. Жұмыс орындарының жалпы ұзындығы

№, Р.н.	Жұмыс орны аты	Ірі қара малдар үшін жұмыс орындарының ұзындығы, м	
		1 жұмыс орны	1 бас малға арналған
1	2	3	4
1.	Есеңгіретілген малды асқыш конвейерге ілу орны	4,0...5,0	–
2.	Қасапшының жұмыс орны	1,6	–
3.	Қан ағызу жолының орны	–	1,0
4.	Басынан ажырату учаскесі	1,6	–
5.	Басты ветеринарлық тексеру учаскесі	1,6...2,0	–
6.	Терісін қолмен іреу учаскесі	1,6	–
7.	Ұшаны келесі конвейерге ілу алдындағы дайындық учаскесі	–	1,0
8.	Ұшаны келесі конвейерге ілу учаскесі	2,0	–
9.	Ұшаны іш құрылысынан ажырату алдындағы дайындық	–	1,0
10.	Кеуде сүйектерін аралау учаскесі	1,0	–
	Ұшаны іш құрылысынан ажырату, тексеру	1,6	–
11.	Ұшаны арамен бөлу учаскесі	1,0	–
12.	Ұшаны ветеринарлық-санитарлық тексеру учаскесі	2,5...3,0	–
13.	Ұшаның төменгі және жоғарғы жақтарын тазалау учаскесі	1,6	–
14.	Ұшаны таңбалау учаскесі	1,6	–
15.	Ұшаны таразылау учаскесі	–	1,0
16.	Ұшаны мұздатқышқа жіберу алдындағы ілгішке ілу учаскесі	1,5	–

Жұмыс орнының жалпы ұзындығына ұшалар арасынының ара қашықтығы және жұмыс операциясының орындалуы енеді. Мұндағы негізгі, қосымша және қосалқы орын-жайлардың ауданы, м²:

$$F = A \cdot d, \quad (12)$$

мұндағы A - цех қуаты, бас/смена;

d – цех ауданының үлестік нормасы, м²/т.

Мал сою алдындағы алаң, м²

$$F = \frac{A \cdot k \cdot \tau}{T}, \quad (13)$$

мұндағы A - цехтың ауысымдық қуаты, бас;

k - бір басқа арналған алаң нормасы, м² (ІҚМ үшін - 2,5 м²);

τ - малдың қорада болу ұзақтығы, сағ;

T - смена ұзақтығы, сағ.

Мал сою және ұшаны өңдеу алаңы, м²

$$F = A \cdot b, \quad (14)$$

мұндағы A - цех қуаты, бас/смена;

b - ауданның үлестік нормасы, м²/т. (ІҚМ үшін – 1,15 м²/бас).

Ал малдан алынған өнімдерді сақтау қоймаларының ауданы, жалпы жұмыс алаңының 20%-ын алады. Бастапқы өңдеу цехындағы негізгі есеп конвейерлік, конвейерлік емес немесе жартылай конвейерлік болуы мүмкін аспалы жолдардың ұзындығын есептеу, м

$$L = \frac{A \cdot l \cdot \tau}{T \cdot 60}, \quad (15)$$

мұндағы A - мал саны бойынша сменадық өнімділік;

l - конвейерге ілінген ұшалар арасындағы қашықтық;

t - минутпен есептегендегі процестің (операцияның) ұзақтығы;

T - сағатпен есептегендегі ауысым ұзақтығы. ІҚМ үшін ілінген ұшалар арасындағы қашықтық 1,8 м. Таразыға беруге арналған конвейерлік жолдың ұзындығы, таразыда өлшеу, ары қарай сырғыту тасымалдау ұзындықтарын анықтау:

$$L = l \cdot n + 3,3, \quad (16)$$

мұндағы l - ІҚМ ұшалары арасындағы қашықтық, м;

n - жұмыскерлер саны.

Малды бастапқы өңдеуге арналған конвейерсіз жолдың ұзындығы мына формула бойынша анықталады:

$$L = \sum l \cdot n, \quad (17)$$

мұндағы l - әрбір жұмыс орнының ұзындығы,

n - жұмыс орнының саны мен конвейердің жалпы ұзындығы (Асенова, т.б., 2022).

Ет өндіру және сақтау кәсіпорнына байланысты алаң көлемі барлық сойылатын малдан шығатын өнімдер мөлшері бойынша алынады (Федоренко, и др., 2016).

Ет өндіру орындарында жұмыскерлер санитарлық өңдеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен жеке гигиенасын қадағалап отыруы тис. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындауда, кейбір химиялық препараттармен бүрку арқылы өңдеу жұмысын атқарғанда санитариялық өңдеуді жүргізетін Персонал В маркалы патрондары және қорғаныш көзілдірігі бар РУ-60М,

немесе РПГ-67 маркалы респираторларды пайдалануы тиіс. Әр смена сайын арнайы киімдері мен жұмыс халаттарын таза киімдермен ауыстырып отыруы тиіс. Алжапқыштары мен қолдарына киген қолғап жеңдері жұмыстан кейін ыстық сумен және сабынмен жуылады да, «Б» хлораминінің әлсіз ерітіндісімен шайылады.

Өндірістік цехтардың жұмыскерлері жұмыс басталар алдында, цехтан әрбір шығып-кіргеннен кейін қолдарын жуып, дезинфекциялауы тиіс. Цехта қолдары ластайтын заттармен жанасқан жағдайда, олар әр уақытта қосымша жуылады. Өндірістік цехтардың технологиялық қондырғылары мен жабдықтарын, қабырғалары мен едендерін жуу және профилактикалық дезинфекциялау бекітілген кестеге сәйкес Кәсіпорынның санитарлық қызметі мен МЖӘ бақылауымен жүйелі түрде жүзеге асырылады. Жууды және профилактикалық дезинфекцияны уақтылы және сапалы ұйымдастыруға өндіріс басшысы жауапты. Өндіріске бекітілген ветеринариялық немесе санитариялық қызметкер дезинфекцияның дұрыс орындалуын әрқашанда бақылап отыруы тиіс.

Ет өндіру орындарында санитарлық өңдеуден кейін химиялық бақылау үшін аптасына бір рет таза қолбаларға немесе сүртілген немесе резеңке тығындары бар бөтелкелерге 500мл жуу және дезинфекциялау ерітінділері іріктеліп алынады да, олардағы тиісті әдістемелер бойынша жұмыс істейтін химиялық заттардың құрамын анықтау үшін химиялық зертханаға жіберіледі. Қондырғылар мен жабдықтарды майсыздандыратын сілтілі ерітіндіден жуу сапасын бақылау жуғаннан кейін тікелей цехта тексеру жүргізіледі (Инструкция, 1976).

Жұмысымыздың негізгі мақсаты - ет өндірісінде технология мен қондырғылар жұмысын жақсарту және мал сою ұстанымын қадағалау арқылы халықты сапалы ет өнімдері түрлерімен қамтамасыз ету. Сапалы ет және ет өнімдерін алу мақсатында мал сою, ұшасы және қосымша өнімдерін өңдеу процестерін жетілдіру принциптерін жинақтау арқылы: сойыс малдарын тасымалдау, өңдеу технологиясы, мал сою өндірісінің орналасуы және қондырғыларды орналастыру, алынатын өнімдер шамасын анықтау және барлық өндірістік процесте санитарлық ұстанымдарды қадағалау арқылы халықты сапалы ет және ет өнімдерімен қамтамасыз ету.

Қорытынды

Әлемдік нарықтардағы жаңа сын-қатерлер ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды енгізуді жеделдету қажеттілігіне алып келеді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін озық білім мен агротехнологияларды таратудың, санитариялық жағынан жақсы жолға қоюдың тетіктері жоқ. Дәлірек айтсақ, проблемалардың бірі аграрлық бизнесті жетілдірудің кешенді технологиялық шешімдерінің жоқтығынан дүкендерде сатылатын ет өнімдерінің кейбірінің сапасының төмендігі болды. Сондықтан елді мекендердегі мал сою әдістерінің өзіндік ерекшеліктерін зерделеуде - тыныққан малдың түріне және үлкен-кішілігіне қарай сойылу әдістері әрқалай болып, әртүрлі технологиялық әдістер арқылы өңделінеді. Оның ішінде есеңгірету әдісі арқылы ірі қара малды сою тиімді. Мал сойылатын орындарда міндетті түрде аспа жолдар немесе аспа орындары орнатылуы тиіс. Өйткені малдың қанын алу, терісін сыпыру, іш құрылысын алу, құрғақтай және ылғалды тазалау, арамен бөлу кезінде мамандардың жұмыс жасауына ыңғайлы, жеңіл және тазалық сақталынады.

Қабылданған малдарды союға дайындау, сою және ұшаны алғашқы өңдеуден өткізу кезіндегі барлық орындалатын жұмыстардың технологиялық әдіс бойынша атқарылуын қадағалау және осы технологиялық операцияларды орындайтын қондырғылар, машиналар, аппараттар мен жабдықтардың жұмысының дұрыс атқарылуы, санитарлық тазалық, ол малдан алынатын ет пен ет өнімдері сапасының жақсаруына септігін тигізеді.

Осы мақала негізіндегі айтпағымыз ет және еттен алынатын өнімдер сапасының стандартқа сай келуі - сойыс малдарын тынықтыру әдістеріне, сою технологиясына, ондағы технологиялық қондырғылардың жұмысына және ветеринарлық-санитарлық талаптардың орындалуына байланысты.

Әдебиеттер

Абдуллахи, А., Хассан, А., Кадарман, Н., Салех, А., Луа, П. (2016). «Food safety knowledge, attitude, and practice toward compliance with abattoir laws among the abattoir workers in Malaysia» *International journal of general medicine*, vol. 9, p. 79.

Abdykerova, G., Aikupesheva, D., Jempeissova, G., Baytikenova, A. (2019). Trends in the development of innovative activity in the agro-industrial complex of Kazakhstan. /REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSN 2224-5227 Volume 2, Number 324, 63-68 <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1483.38>

Ansari-Lari, M., Soodbakhsh, S., Lakzadeh, L. (2010). «Knowledge, attitudes and practices of workers on food hygienic practices in meat processing plants in Fars, Iran» *Food Control*, vol. 21, no. 3, pp. 260-263.

Асенова, Б., Ребезов, М., Нургазезова, А., Бакирова, Л., Нурымхан, Г., Бауыржанова, А., Игенбаев, А. (2022). Ет және ет өнімдері өндірісіндегі теххимиялық бақылау және сапаны басқару: Оқу құралы. - Алматы: TechSraith, -144 б.

Асенова, Б., Ребезов, М., Амирханов, К., Нургазезова, А., Бакирова, Л. (2020). Ет өнімдерін өндірудің физика-химиялық және биохимиялық негіздері. Оқу құралы. - Алматы: Эверо, -160 б.

Байзакова Ж. (2018). Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу және қайта өңдеу технологиялары мен машиналары. - Алматы: «Айтұмар» баспасы, - 423 бет. ISBN 978-601-241-730-2 <http://rmebrk.kz/book>

Blackwell Publishing and the Institute of Food Technologists (2006). All rights reserved Blackwell Publishing Professional 2121 State Avenue, Ames, Iowa 50014, USA. ISBN-13: 978-0-8138-0882-6; ISBN-10: 0-8138-0882-0/2006. 11-37.

Christopher, H. (2019). *Food Irradiation Research and Technology*. Sommars Xuotong Fan. Web site: www.blackwellprofessional.com Blackwell Publishing Ltd 9600 Garsington Road, Oxford OX4 2DQ, UK.

Инструкция по мойке и профилактической дезинфекции на предприятиях мясной и птицеперерабатывающей промышленности. <https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4293806/4293806258.htm>

Kassymova, M., Alibekov, R., Kobzhasarova, Z., Orymbetova, G., Urazbayeva, K. (2023). Halal beef sausage products using malt. / NEWS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY ISSN 2224–5286 Volume 2, Number 455, 124–142 <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1491.169>

Khusain, B., Brodskiy, A., Sass, A., Yaskevich, V., Rahmetova, K. (2021). Study of poisoning and regeneration of catalytic converters of toxic components of exhaust gases from industrial enterprises and vehicles. REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSN 2224-5227 Volume 4, Number 338, 143–149 <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1483.71>

Matchawe, C., Ndip, L., Zuliani, A. (2019). «Knowledge, attitude and practices (KAP) regarding meat safety and sanitation among carcass handlers operating at the Yaoundé slaughterhouse» *Cameroon*, vol. 3, no. 9, p. 6.

Мид, Джефф. (2017). Микробиологический анализ мяса, мяса птицы и яйцепродуктов / Дж.К. Мид (ред). - Пер. с англ. - СПб: Профессия, - 384 с., табл. ISBN 978-5-91913-165-0 ISBN 978-1-4200-4397-6 (CRC Press) ISBN 978-1-84569-059-5 (Woodhead Publishing).

Микробиология мяса и мясopодуктов. (2019). Учебник для СПО / Сидоров, М., Корнелаева, Р. - СПб.: ООО «Квадро». - 240 с.: ил.

Мустафаева, А. (2021). Ет және сүт өнімдерінің технологиялық машиналарын монтаждау және жөндеу: оқу құралы / Мустафаева А.К. - Алматы: Эпиграф, -144 бет.

Nyamakwere, F., Muchenje, V., Mushonga, B., Kandiwa, E., Makepe, M., Mutero G. (2017). «Evaluation of meat safety knowledge, attitudes and practices among slaughterhouse workers of Amathole District in eastern Cape Province, South Africa» *Journal of Food Safety and Hygiene*, vol. 3, no. 1/2, pp. 7-15.

Ramazanovа, Sh., Kuchukova, N., Legostaeva, L., Foot, Yu. (2019). State financial support of agroindustrial complex in the Republic of Kazakhstan. *REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSN 2224-5227 Volume 2, Number 324, 149–154* <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1483.52>

Серегин, И., Никитченко, Д., Никитченко, В. (2018). Ветеринарно-санитарные требования при убое животных на мясо в разных странах мира // *Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Агрономия и животноводство*. Т. 13. № 1. С. 61-69.

Uazhanova, R., Serikkyzy, M. (2021). Scientific bases for the identification and quality control of poultry meat. - *Almaty*, - p. 216.

Федоренко, В., Мишуров, Н., Коноваленко, Л., Неменущая, Л. (2016). Технологические процессы и оборудование, применяемые при убое животных на мясокомбинатах, мясокладобойнях и переработке побочного сырья: науч. аналит. обзор. - М.: ФГБНУ «Росинформагротех», - 166 с.

References

Abdullahi, A., Hassan, A., Kadarman, N., Saleh, A., Lua, P. (2016). “Food safety knowledge, attitude, and practice towards compliance with abattoir laws among the abattoir workers in Malaysia.” *International journal of general medicine*, vol. 9, p. 79.

Abdykerova, G., Aikupesheva, D., Jempeissova, G., Baytikenova, A. (2019). Trends in the development of innovative activity in the agro-industrial complex of Kazakhstan. *REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSN 2224-5227 Volume 2, Number 324, 63-68*. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1483.38>

Ansari-Lari, M., Soodbakhsh, S., Lakzadeh, L. (2010). “Knowledge, attitudes and practices of workers on food hygienic practices in meat processing plants in Fars, Iran.” *Food Control*, vol. 21, no. 3, pp. 260-263.

Asenova, B., Rebezov, M., Amirhanov, K., Nurgazezova, A., Bakirova, L. (2020). *Et onimderin ondirudin fizika-himiyalyk zhane biokhimiyalyk negizderi*. Oku kuraly. Almaty: Evero, -160 b.

Asenova, B., Rebezov, M., Nurgazezova, A., Bakirova, L., Nurymkhan, G., Bauyrzhanova, A., Igenbaev, A. (2022). *Et zhene et onimderi ondirisindegi technohimiyalyk bakylau zhene sapany baskaru: Oku kuraly*. Almaty: TechSraith, -144 b.

Baizakova J. (2018). *Mal sharuashylygy onimderin ondeu zhane kaita ondeu technologiylary men mashinalary*. Almaty: “Aitumar” baspasy, - 423 бет. ISBN 978-601-241-730-2 <http://rmebrk.kz/book>

Blackwell Publishing and the Institute of Food Technologists (2006). All rights reserved Blackwell Publishing Professional 2121 State Avenue, Ames, Iowa 50014, USA. ISBN-13: 978-0-8138-0882-6; ISBN-10: 0-8138-0882-0/2006. 11-37.

Christopher, H. (2019). *Food Irradiation Research and Technology* Sommers Xueting Fan. Web site: www.blackwellprofessional.com Blackwell Publishing Ltd 9600 Garsington Road, Oxford OX4 2DQ, UK.

Fedorenko, V., Mishurov, N., Konovalenko, L., Nemenuschaya, L. (2016). Technological processes and equipment used in the slaughter of animals in meat processing plants, meat slaughterhouses and processing of by-products: scientific. the analyte. review. M.: FSBI “Rosinformaгротех”, 166 p.

Instructions for washing and preventive disinfection at meat and poultry processing enterprises. <https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4293806/4293806258.htm>

Kassymova, M., Alibekov, R., Kobzhasarova, Z., Orymbetova, G., Urazbayeva, K. (2023). Halal beef sausage products using malt. *NEWS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY ISSN 2224–5286 Volume 2, Number 455, 124–142*. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1491.169>

Khusain, B., Brodskiy, A., Sass, A., Yaskevich, V., Rahmetova, K. (2021). Study of poisoning and regeneration of catalytic converters of toxic components of exhaust gases from industrial enterprises and vehicles. REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSN 2224-5227 Volume 4, Number 338, 143-149. <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1483.71>

Matchawe, C., Ndip, L., Zuliani, A. (2019). “Knowledge, attitude and practices (KAP) regarding meat safety and sanitation among carcass handlers operating at the Yaoundé slaughterhouse.” Cameroon, vol. 3, No. 9, p. 6.

Mead, Jeff. (2017). Microbiological analysis of meat, poultry meat and egg products / J.K. Mead (ed.). Persian. From English - St. Petersburg: Profession. - 384c., table ISBN 978-5-91913-165-0 ISBN 978-1-4200-4397-6 (CRC Press) ISBN 978-1-84569-059-5 (Woodhead Publishing).

Microbiology of meat and meat products. (2019). Textbook for SPO/ Sidorov, M., Kornelaeva R. St. Petersburg: OOO “Quadro”. - 240 p.: ill. (Textbooks and manuals for students of secondary specialized educational institutions).

Mustafayeva, A. (2021). Et zhane sut onimderin tehnologiyalyk mashinalaryn montazhdau zhane zhondeu: oku kuraly / Mustafayeva A.K. - Almaty: Epigraph, -144 bet.

Nyamakwere, F., Muchenje, V., Mushonga, B., Kandiwa, E., Makepe, M., Mutero G. (2017). “Evaluation of meat safety knowledge, attitudes and practices among slaughterhouse workers of Amathole District in eastern Cape Province, South Africa.” Journal of Food Safety and Hygiene, vol. 3, no. 1/2, pp. 7-15.

Ramazanova, Sh., Kuchukova, N., Legostaeva, L., Foot, Yu. (2019). State financial support of agroindustrial complex in the republic of Kazakhstan. REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ISSN 2224-5227 Volume 2, Number 324, 149–154. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1483.52>

Seregin, I., Nikitchenko, D., Nikitchenko, V. (2018). Veterinary and sanitary requirements for the slaughter of animals for meat in different countries of the world. Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Series: Agronomy and animal husbandry. Vol. 13. No. 1. pp. 61-69.

Uazhanova, R., Serikkyzy, M. (2021). Scientific bases for the identification and quality control of poultry meat. Almaty, p. 216.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224–5286

Volume 4. Number 461 (2024), 34–42

<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1491.248>

ISSN 2224-5286

IRSTI 31.25.15

**G.Zh. Baisalova^{1*}, A.B. Zhunisova¹, A.B. Shukirbekova²,
B.B. Torsykbaeva², B.S. Imangaliyeva³, 2024.**

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

²Astana Medical University, Astana, Kazakhstan;

³Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

*Email: galya_72@mail.ru

OPTIMIZATION OF THE EXTRACTION PROCESS OF BIOLOGICALLY ACTIVE COMPLEXES FROM *PSORALEA DRUPACEA* BGE ROOTS

Baisalova Galiya – Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, galya_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

Zhunisova Aktoty – Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, aqtotyzhunis@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-6349-2783>;

Shukirbekova Alma – Professor of Astana Medical University, Astana, Kazakhstan, shukirbekova.a@amu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3316-558>;

Torsykbaeva Bigamila – Associate Professor of Astana Medical University, Astana, Kazakhstan, maha-1505@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6999-3900>;

Imangaliyeva Bazarkhan – K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Aktobe, Kazakhstan, nur_70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>.

Abstract. The article is devoted to the development of technology for obtaining a dry extract from the root of *Psoralea drupacea* Bge. with the aim of using it to create effective drugs for the prevention and treatment of avian influenza. The influence of various factors on the extraction process was studied: the nature of the extractant, the degree of grinding of the raw materials, the duration of extraction, the extraction method (maceration, percolation, extraction with a boiling solvent in a Soxhlet apparatus) on the total yield of extractives and the amount of furocoumarins.

The optimal values of technological parameters for obtaining a dry extract from the root of *Psoralea drupacea* Bge. have been established. The most effective extractant is ethanol, and the optimal degree of grinding of raw materials is 1,25 mm. The maximum yield of extractive substances (5,80%) and the maximum content of the total furocoumarins (72,34%) were detected in extracts obtained in a Soxhlet apparatus for three days. However, maceration with stirring and heating can give good results, and the advantage of the process is its simplicity and the possibility of increasing the load

of raw materials. The yield of the extract after 4 hours is 5,66% with a content of total furocoumarins of 57,23%.

Keywords: *Psoralea drupacea* Vge., extract, maceration, percolation, Soxhlet apparatus, extractant

**Г.Ж. Байсалова^{1*}, А.Б. Жунусова¹, А.Б. Шукирбекова²,
Б.Б. Торсыкбаева², Б.С. Имангалиева³, 2024.**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Астана медициналық университеті, Астана, Қазақстан;

³Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Email: galya_72@mail.ru

PSORALEA DRUPACEA VGE ТАМЫРЫНАН БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ КЕШЕНДЕРДІ ЭКСТРАКЦИЯЛАУ ҮДЕРІСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Байсалова Галия – Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ профессоры, Астана, Қазақстан, galya_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

Жунусова Ақтоты – Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан, aqtotyzhunis@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-6349-2783>;

Шукирбекова Алма – Астана Медицина университеті профессоры, Астана, Қазақстан, shukirbekova.a@amu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3316-558>;

Торсыкбаева Бигамила – Астана Медицина университеті доценті, Астана, Қазақстан, maha-1505@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6999-3900>;

Имангалиева Базархан – К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент, Ақтөбе, Қазақстан, nur_70_@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>.

Аннотация. Мақала құс тұмауының алдын алу және емдеу үшін тиімді препараттарды жасау мақсатында *Psoralea drupacea* Vge тамырынан құрғақ сығынды алу технологиясын дамытуға арналған. Экстракция процесінің әртүрлі факторларының: экстрагенттің табиғаты, шикізатты ұнтақтау дәрежесі, экстракция ұзақтығы, экстракция әдістерінің (шөгу (мацерация), перколяция, Сокслет аспабында қайнаған еріткішпен экстракциялау) экстрактивтік заттардың жалпы шығымы мен фурукумариндер мөлшеріне әсері зерттелді. *Psoralea drupacea* Vge тамырынан құрғақ сығынды алудың технологиялық параметрлерінің оңтайлы мәндері анықталды. Ең тиімді экстрагент этанол болып табылады, ал шикізатты ұнтақтаудың оңтайлы дәрежесі 1,25 мм. Сокслет аппаратында үш күн бойы алынған сығындылардан экстрактивті заттардың максималды шығымы (5,80%) мен жалпы фурукумариндердің максималды мөлшері (72,34%) анықталды. Дегенмен, араластыру және қыздыру арқылы жүргізілген мацерация жақсы нәтиже бере алады, ал процестің артықшылығы - оның қарапайымдылығы және шикізат жүктемесін арттыру мүмкіндігі болды. 4 сағат бойы мацерациялау барысында сығындының шығымы 5,66%, ал жалпы фурукумариндер мөлшері 57,23% құрайды.

Түйін сөздер: *Psoralea drupacea* Vge., сығынды, мацерация, перколяция, Сокслет аспабы, экстрагент

**Г.Ж. Байсалова^{1*}, А.Б. Жунусова¹, А.Б. Шукирбекова²,
Б.Б. Торсыкбаева², Б.С. Имангалиева³ 2024.**

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан;

²Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан;

³Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Актобе, Казахстан.

E-mail: galya_72@mail.ru

ОПТИМИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ЭКСТРАКЦИИ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫХ КОМПЛЕКСОВ ИЗ КОРНЕЙ *PSORALEA DRUPACEA* VGE

Байсалова Галия – профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, E-mail: galya_72@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1338-0308>;

Жунусова Актоты – студентка ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, E-mail: aqtotyzhunis@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-6349-2783>;

Шукирбекова Алма – профессор Медицинского университета Астана, Астана, Казахстан, E-mail: shukirbekova.a@amu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-3316-558>;

Торсыкбаева Бигамила – доцент Медицинского университета Астана, Астана, Казахстан, E-mail: maaha-1505@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6999-3900>;

Имангалиева Базархан – Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, кандидат педагогических наук, доцент, Актобе, Казахстан, E-mail: nur_70_@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>.

Аннотация. Статья посвящена разработке технологии получения сухого экстракта из корня *Psoralea drupacea* Vge. с целью использования его для создания эффективных препаратов для профилактики и лечения птичьего гриппа. Изучено влияние различных факторов на процесс экстракции: природы экстрагента, степени измельчения сырья, продолжительности экстракции, способа экстракции (мацерация, перколяция, экстракция кипящим растворителем в аппарате Сокслета) на общий выход экстрактивных веществ и количества фурукумаринов. Установлены оптимальные значения технологических параметров получения сухого экстракта из корня *Psoralea drupacea* Vge. Наиболее эффективным экстрагентом является этанол, а оптимальная степень измельчения сырья составляет 1,25 мм. Максимальный выход экстрактивных веществ (5,80%) и максимальное содержание суммы фурукумаринов (72,34%) выявлен в экстрактах, полученных в аппарате Сокслета с продолжительностью три дня. Тем не менее, мацерация с перемешиванием и подогревом может дать хороший результат. Достоинством процесса является простота и возможность увеличения загрузки сырья. Выход экстракта за 4 часа составляет 5,66 % с содержанием суммы фурукумаринов 57,23 %.

Ключевые слова: *Psoralea drupacea* Vge., экстракт, мацерация, перколяция, аппарат Сокслета, экстрагент.

Introduction. One of the main priorities of scientific support for the pharmaceutical industry of the republic is the search and production of domestic herbal medicines, the

development of highly effective technologies for their production and introduction into industrial production.

One of the promising potential sources of natural biologically active substances is the plant *Psoralea drupacea* Bge. of the Fabaceae family, used in folk and official medicine. *P. drupacea* Bge. is an endemic Central Asian-Iranian species that grows in the Commonwealth of Independent States - in the republics of Central Asia and Southern Kazakhstan. It grows on dry fine-earth slopes, hills and on plains among ephemeral vegetation, where the landscape is often formed; it is also found in rainfed crops. The stems are used for fiber, which is used to make strong but rough and brittle ropes. All parts of the plant contain essential oils and sticky resins, so the plant is not eaten raw, despite its high nutritional value. In winter, after frost, it is eaten in pastures by camels and sheep.

Беркинбаева Айнур Нуркалиевна – кандидат технических наук, заведующая химико-аналитической лабораторией, Satbayev University, АО «Институт металлургии и обогащения», Алматы, Казахстан, E-mail: a.n.berkinbayeva@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0002-2569-9087>;

Шынар Саулебеккызы – младший научный сотрудник, магистр, Satbayev University, АО «Институт металлургии и обогащения», Алматы, Казахстан, E-mail: sh.saulebekkyzy@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0002-7214-9627>;

Толегенова Назерке Маулешкызы – инженер, магистрант, Satbayev University, АО «Институт металлургии и обогащения», Алматы, Казахстан, E-mail: n.tolegenova@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0001-8059-2960>.

Аннотация. В данной статье предлагается передовой метод, использующий микроволновое излучение для эффективной экстракции цинка из материалов со сложной переработкой. Описанный метод включает два последовательных этапа: фазовое преобразование с помощью микроволнового облучения и последующее выщелачивание в серной кислоте при комнатной температуре. В процессе фазового преобразования, осуществляемого с использованием микроволновой энергии, нерастворимые фазы цинка превращаются в контролируемую фазу. Экспериментальные результаты подтверждают, что микроволновая обработка при 600°C в течение 5–7 минут эффективна для превращения ZnS в ZnO, предотвращая образование $ZnO \cdot Fe_2O_3$. При мощности микроволнового излучения 25 кВт экстракция цинка из клинкера за указанный период времени составляет 46,47%. Таким образом, исследование открывает перспективы экологически безопасного производства цинка из ресурсов со сложной переработкой.

Ключевые слова: цинк, клинкер, микроволновое обжиг, фазовая трансформация, выщелачивание.

Кіріспе. Мырыш металлургиясы саласындағы қазіргі заманғы үрдістер осы металдың жаһандық тұтыну көлемінің тұрақты өсуін көрсетеді, бұл оның түрлі өнеркәсіп салаларында қолданылу ауқымының кеңеюімен, сондай-ақ мырыштың

өзі мен мырышты өнімдердің құнының артуымен қатар жүреді. Маңызды үрдістердің бірі – қайта өңдеу көлеміндегі екінші реттік шикізат үлесінің өсуі болып табылады. Лондон металдар биржасының (LME) деректері бойынша, мырыштың ағымдағы бағасы тоннасына 2,390.0 АҚШ долларын құрайды (<https://metallcheckiy-portal.ru/index-cen-lme>), бұл зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Мырышнарығының қазіргі жағдайын талдау осы металдың әлемдік нарықта өсіп келе жатқан тапшылығын көрсетеді, бұл оның тұтыну қарқынының қолданыстағы кәсіпорындардың өндірістік қуаттарынан асып түсуімен байланысты (Kaplunov, 2011: 22; <https://dknews.kz/ru/ekonomika/105991-v-kazahstane-ezhegodno-proizvoditsya-300-tysyach-tonn>). Мырыш қорының көлемі бойынша жетекші елдер – Қытай мен Австралия, әрқайсысы шамамен 30 миллион тоннаға ие, олардың артынан 25 миллион тонна қорымен АҚШ келеді, ал айтарлықтай артта қалған Канада мен Перу.

Әлемдік мырыш қорының 60%-дан астамы сульфидті-полиметалл кен орындарында шоғырланған, ал шамамен 30%-ы стратиформды кен орындарына тиесілі. Әлемде жыл сайынғы мырыш өндіру 13,5 млн тоннадан асады (<https://home.kpmg/content/dam/kpmg/ru/pdf/2019/10/ru-ru-metals-and-mining-prices-report-3q-2019.pdf>), соның ішінде негізгі бөлігі (85%) сульфидті концентраттардан өндіріледі. Сонымен қатар, кондицияланбаған және екінші реттік шикізат түрлерінің, оның ішінде ұжымдық концентраттар, тотыққан кендер, шламдар және басқалардың үлесі аз болып қалады. Бұл олардың өңдеу үшін тиімді технологиялық шешімдер мен әдістердің жоқтығымен байланысты, бұл осы саладағы жаңа тәсілдерді әзірлеудің өзектілігін көрсетеді (Esezobor, et al., 2006: 425; U.S. Geological survey, 2020: 200).

Мырыш құрамдас техногендік шикізатты өңдеу үшін пиро- және гидрометаллургиялық әдістер қолданылады (Yang, et al., 2021: 221; Klein, et al., 2009: 492; Akhtamov, et al., 2016: 72; Naboychenko, et al., 1997: 255). Ең кең таралған пирометаллургиялық өңдеу әдісі – кокс қосу арқылы 1100–1300 °C температурада күйдіру (қалпына келтіру-возгонный күйдіру), бұл өңделетін материал массасының 35–45%-ын құрайды. Бұл процесс цинк дистилляттарын және кейіннен күкірт қышқылымен шаймалау арқылы пайдаланылатын құнды компоненттерді қамтитын клинкерді алуға мүмкіндік береді (Kozlov 2020: 36). Алайда, бағалаулар бойынша, Қазақстанда мырыш өнеркәсібінің 4,5–5,7 млн тонна қалдығы жиналған (Kolesnikov, et al., 2022: 324; Yessengaziyev, et al., 2017: 980), бұл олардың кәдеге жаратылуы қажеттілігінің өзекті мәселесін көрсетеді.

Пиропроецестер, олардың кең таралғанына қарамастан, жоғары энергия шығыны және процедуралардың күрделілігі сияқты елеулі кемшіліктерге ие, бұл оларды құрамының және матрицалық құрылымының күрделілігіне байланысты жоғары кремнийлі техногенді мырыш құрамдас шикізатты өңдеу үшін аз тиімді етеді (Beisembaev, et al., 2002: 220). Бұл мұндай шикізаттың жиі өңделмей, шламды алаңдарда сақталуына әкеліп соғады, бұл экологиялық және экономикалық мәселелерді тудырады.

Осыған байланысты, УЖЖ-сәулеленуді алдын ала қолдану арқылы қиын

ашылатын мырыш құрамдас шикізатты өңдеудің жаңа тиімді технологиясын әзірлеудің өзектілігі айқын болуда (Singh, et al., 2022). Бұл тәсіл тек техногенді қалдықтар орналасқан аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсартуға ғана емес, сондай-ақ өңделмеген шикізат көлемін азайту арқылы қосымша түсті және асыл металдар түріндегі өнімдерді алуды қамтамасыз етуге, олардың қолдану салаларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған әдіс пирометаллургиялық процестерді қолдануды болдырмай, шикізаттың қиын ашылатын матрицасын бұзу үшін электромагниттік әсерді қолдануды ұсынады. Мұндай тәсіл өңдеу процестерін жеңілдетіп қана қоймай, олардың тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді, бұл техногенді мырыш құрамдас шикізатты кәдеге жарату және пайдалану үшін жаңа перспективалар ашады.

УЖЖ-сәулеленудің күрделі құрамды қиын ашылатын мырыш құрамдас шикізатқа әсері оның құрылымына айтарлықтай өзгерістер әкеледі. Бағалы компоненттерді қамтитын негізгі минералдар арасындағы байланыстардың әлсіреуі құрылымдық өзгерістерді тудырады, матрицаны химиялық әсерге қол жетімді және икемді етеді. Осылайша, бағалы компоненттер жеңілірек ашылатын түрлерге ауысып, олардың ерітіндіге толығырақ шығуын қамтамасыз етеді (Multipurpose Utilization of Mineral Resources, 2008, (6): 44-48. DOI: 10.3969/j.issn.1000-6532.2008.06.013).

Микротолқынды сәулелену алдын ала өңдеу минералдарында кеңінен қолданылады, мұнда ол минералдардың құрылымдық және физикалық қасиеттерін өзгертуге ықпал етеді, олардың кейінгі өңдеуін жеңілдетеді. Metallургия саласында бұл зерттеу бағыты кеннен металдарды алуға микротолқынды өңдеуді қолдануды негіздейді, бұл энергия шығындарын азайтуға және өнім шығуын арттыруға мүмкіндік береді. Материалтану саласында микротолқынды өңдеу өндіріс шығындарын салыстырмалы түрде төмендете отырып, функционалдық материалдарды жақсартылған қасиеттермен синтездеудің тиімді тәсілі болып табылады (Ramesh, et al, 2018: 8927).

Микротолқынды өңдеудің айтарлықтай артықшылығы жоғары сапалы функционалдық материалдарды өңдеуде байқалады. Бұл жоғары біртектілікті және жақсартылған механикалық және электрлік қасиеттерді қамтамасыз етеді, сондай-ақ өндірістік шығындарды азайтады. Зерттеулер микротолқынды қыздыру синтез процестерін айтарлықтай жеделдетуге, алынатын материалдардың морфологиясы мен құрылымдық сипаттамаларын оңтайландыруға қабілетті екенін көрсетті, бұл материалтану және ілеспе пәндер саласында технологияларды дамыту үшін жаңа перспективалар ашады (Kamariah, et al., 2022:183; Soni, et al., 2020: 97; Kalebic, et al., 2022: 13313; Wei, et al., 2019: 157; Feng, et al., 2019:1090).

Осылайша, бұл зерттеудің негізгі мақсаты - УЖЖ-сәулеленудің әсерінен қиын ашылатын мырыш құрамдас шикізаттың фазалық құрамы мен құрылымдық трансформациясының өзгеру заңдылықтарын талдау. Ерекше назар шикізаттың негізгі компоненттерінің қышқылдармен және сілтілермен өзара әрекеттесуінің кинетикалық заңдылықтарын зерттеуге аударылады, бұл УЖЖ-сәулелену

арқылы өңделген мырыш құрамдас шикізаттағы құрылымдық өзгерістер туралы бар деректер базасын жаңа мәліметтермен толықтырып, құрамында мырыш бар күрделі шикізаттан бағалы компоненттерді алудың тиімді технологиялық шешімдерін әзірлеуге негіз болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу объектісі

Зерттеу объектісі ретінде қиын ашылатын техногендік мырыш құрамдас шикізат – клинкер таңдалды. Рентгенофлуоресцентті талдау нәтижелері айтарлықтай мөлшерде темірдің – 37,53%, кальцийдің – 3,81%, кремнийдің – 4,58%, оттегінің – 41,64%, мыс – 1,04%, мырыш – 1,2%-дан астам және басқа да элементтердің құрамын көрсетеді, олар кесте 1-де берілген.

Кесте 1. Клинкердің рентгенофлуоресцентті талдауы

Элементтердің құрамы, %											
O	Na	Mg	Al	Si	P	S	Cl	K	Ca	Ti	Cr
41,644	0,173	1,030	0,912	4,581	0,055	0,807	0,011	0,109	3,807	0,101	0,020
Mn	Fe	Ni	Cu	Zn	As	Sr	Zr	Mo	Sb	Ba	Pb
0,110	37,532	0,033	1,037	1,217	0,138	0,043	0,012	0,026	0,034	0,825	0,154


Клинкер құрамын талдау зерттелетін шикізаттың химиялық табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл оны өндеудің ең тиімді әдістерін анықтау үшін өте маңызды. Рентгенофлуоресцентті талдау нәтижелері кейінгі эксперименттік зерттеулердің негізін құрайды.

Эксперименттік бөлім

Клинкерден мырыш алу технологиясы үш негізгі кезеңді қамтиды: клинкерді 90% болатын - 0,071+0 мм дәрежесіне дейін ұсақтау, микротолқынды фазалық өзгерту және H_2SO_4 көмегімен шаймалау. Бірнеше егжей-тегжейлі кезеңдер 1-суретте көрсетілген, оның ішінде сынаманы дайындау, жоғары температуралы микротолқынды реакторда «ЭНЕРГИЯ К-50» қондырғысында (915 МГц, 25 кВт) клинкерді өңдеу, оның артықшылығы жоғары қуаттылық, жұмыстың тұрақтылығы (Liu, et al, 2023: 356; Namidi, et al, 2023: 109472), жоғары тиімділік, сондай-ақ клинкерді кейіннен шаймалау (2-сурет). Клинкерді шаймалау 100 г/дм³ концентрациялы H_2SO_4 ерітіндісінде 6 сағат бойы 300 айн/мин араластыру жылдамдығымен, қатты заттың сұйықтыққа қатынасы 1:5 және температурасы 293 К болған жағдайда жүргізілді.



Сурет 1. Эксперименттің ағын диаграммасы




Сурет 2. «ЭНЕРГИЯ К-50» УЖЖ қондырғысының схемасы

Нәтижелер мен талқылау


Клинкердің минералогиялық сипаттамалары

OLYMPUS BX51 микроскопының көмегімен жүргізілген клинкердің минералогиялық талдауы 3-суретте көрсетілген бірнеше негізгі минералдардың бар екенін анықтады. Олардың ішінде сирек ұсақ дисперсті андральді түйіршіктер түрінде анықталған сфалерит (ZnS), пирит (FeS_2) және сфалеритпен сингенетикалық ассоциациялары бар халькопирит ($CuFeS_2$), сондай-ақ өлшемдері мен пішіндерінің едәуір әртүрлілігін көрсететін гематит (Fe_2O_3) және көміртекті қосылыстар бар.



Сурет 3. Сфалерит (1), гематит (2)

Рентгенофазалық талдау клинкердің негізгі фазалық компоненттері гематит (Hematite) – 24,2%, темір мен магний оксиді (Magnesium Iron Oxide) – 18,2% екенін анықтады, сондай-ақ басқа фазалар 4-сурет пен 2-кестеде көрсетілген.



Сурет 4. Клинкердің дифрактограммасы

Кесте 2. Клинкердің рентгенофазалық талдауының нәтижелері

Compound Name	Formula	S-Q, %
Hematite	Fe_2O_3	24,2%
Magnesium Iron Oxide	$Mg_{1.55}Fe_{1.604}$	18,2%
Diopside, ferrian	$Ca_{1.007}(Mg_{0.805}Fe_{0.214})((Si_{1.75}Fe_{0.241})O_6)$	16,5%

Calcium Magnesium Iron Aluminum Silicate	$\text{Ca}_2(\text{Mg,Fe}^{+3},\text{Al})_6(\text{Si,Al})_6\text{O}_{20}$	15,1%
Gypsum	$\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$	12,2%
Quartz	SiO_2	8,1%
Albite, potassian	$(\text{K}_{0,22}\text{Na}_{0,78})(\text{AlSi}_3\text{O}_8)$	4,4%
Sphalerite	ZnS	1,4%

Микротолқынды сәулелену арқылы фазалық түрлендіру

Микротолқынды (УЖЖ) толқындар жиілігі 300 МГц-тен 300 ГГц-ке дейінгі диапазонды қамтиды, бұл материалдарға атомдық немесе молекулалық деңгейде, әсіресе диэлектриктерге, диэлектрлік қыздыру әсері арқылы тиімді әсер етуге мүмкіндік береді.

Микротолқынды генератор, әдетте магнетрон, микротолқынды толқындар шығарады, олар толқынжол арқылы материалға бағытталады. Микротолқындар материалға енген кезде, олар «жүгіретін толқын» түрінде таралады. Бұл толқын материал арқылы қозғалғанда, оның электрлік және магниттік өрістері бір-біріне және толқынның таралу бағытына перпендикуляр тербеледі. Жүгіретін толқынды жасау үшін УЖЖ энергиясы толқынжол немесе резонаторға бағытталады, сондықтан толқын айтарлықтай шағылыспай бір бағытта таралады. Толқынжолдар толқынның белгілі бір жол бойымен таралуын қолдайтындай етіп жасалған, бұл толқынның жүйе арқылы «жүгіруіне» мүмкіндік береді (Okress, 1971: 272).

Жүгіретін толқын әдісінің артықшылықтары (Jiraushek, et al., 2021; Wong, et al., 2020): Материалдың барлық көлемінде энергияны біркелкі тарату, бұл кейбір аймақтардың шамадан тыс қызуын немесе жеткіліксіз қызуын болдырмауға мүмкіндік береді; Энергияның материалға тікелей берілуі есебінен жоғары тиімділік және энергияны үнемдеу; Өңдеу процесін дәл бақылау мүмкіндігі; Дәстүрлі қыздыру әдістерімен салыстырғанда өңдеу жылдамдығының жоғары болуы.

Материал арқылы жүгіретін микротолқынды толқынның таралуын Максвелл теңдеулері тұрғысынан түсіндіруге болады (Bruell, et al., 2022), электрлік (E) және магниттік (H) өрістері келесідей сипатталады:

$$\nabla \times E = -\frac{\partial B}{\partial t}$$

$$\nabla \times H = \frac{\partial D}{\partial t} + J$$

мұндағы B – магниттік индукция, D – электрлік ығысу, ал j – ток тығыздығы.

Бұл теңдеулер электромагниттік толқындардың әртүрлі орталар арқылы қозғалысын, электрлік және магниттік компоненттер арқылы материалға энергияның берілуін реттейді.

Микротолқындардың материалға енуі және материалдың бөліктерінің

селективті қыздырылуы барысында локализацияланған температура градиенттері қалыптасады. Материал ішіндегі индуцирленген температура градиенті фазалық өзгерістерге әкелуі мүмкін. Фазалық ауысу жылдамдығы материалдың меншікті жылу сыйымдылығына (C_p), тығыздығына (ρ) және жылу өткізгіштігіне (k) байланысты болуы мүмкін, бұл келесі жылуөткізгіштік теңдеуімен сипатталады:

$$\frac{\partial t}{\partial T} = \frac{k}{\rho C_p} \nabla^2 T$$

мұндағы T – температура, t – уақыт.

Бұл градиенттер материалда фазалық өзгерістерді, мысалы, балқуды, агломерацияны немесе химиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.

Материал өңделетін аймақ жүгіретін толқынның әсер ету аймағына орналастырылады. Микротолқынды толқынның энергиясы материалға беріледі, диэлектрлік шығындар есебінен оның қызуына әкеледі – бұл процесс кезінде электромагниттік өрістің энергиясы материал ішінде жылу энергиясына айналады (Lachana, et al., 2022; Luo, 2022:234; Kumar, et al., 2019: 3326).

Материалдың микротолқынды сәулелену әсерінен қызу жылдамдығы келесі теңдеумен сипатталуы мүмкін:

$$P = \frac{\varepsilon' \cdot E^2 \cdot \omega \cdot \varepsilon_0}{2}$$

мұндағы P – бір көлем бірлігіне сіңірілетін қуат, ε' – материалдың диэлектрлік өтімділігі, E – электр өрісінің кернеулігі, ω – микротолқынды сәулеленудің бұрыштық жиілігі, ε_0 – бос кеңістіктің диэлектрлік өтімділігі.

Материалды қыздыру процесі УЖЖ генераторының қуатын, әсер ету уақытын және жүгіретін толқынның сипаттамаларын реттеу арқылы басқарылады. Бұл өңдеу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді, мысалы, материалды біркелкі қыздыру үшін.

Кесте 3 УЖЖ қондырғысы «ЭНЕРГИЯ К-50» бойынша жүргізілген эксперименттердің параметрлерін көрсетеді. Сынақтар барысында микротолқындардың қуаты (25 кВт) және толқын жиілігі (915 МГц) бірдей болғанымен, әртүрлі температуралық режимдерде төрт эксперимент жүргізілді. Әр эксперименттің ұзақтығы 5–7 минутты құрады, температуралары тиісінше 250, 460, 600 және 700 °C деңгейінде орнатылды.


Кесте 3. УЖЖ қондырғысы бойынша эксперименттердің параметрлері

Көрсеткіш атауы	1-тәжірибе	2-тәжірибе	3-тәжірибе	4-тәжірибе
Микротолқындардың қуаты, кВт	25	25	25	25
Толқын жиілігі, МГц	915	915	915	915

Эксперименттің ұзақтығы, мин	5-7	5-7	5-7	5-7
Температура, °С	250	460	600	700

Эксперименттердің нәтижелері JEOL JXA-8230 сканерлеуші электрондық микроскоптың көмегімен, энергодисперсиялық анализатормен жабдықталған (5, 6, 7-суреттер), УЖЖ сәулеленуіне дейін және одан кейін жүргізілген сфалериттің электрондық микроскопиялық зерттеулерімен көрсетілген. 5а және 5б суреттерінің талдауы, өңдеу температуралық шарттарының әртүрлілігіне қарамастан, үлгілердің микроструктурасында, фазалық және химиялық құрамында айтарлықтай өзгерістерді анықтамады.

Сфалериттің микроструктурасы мен құрамында байқалатын өзгерістердің болмауы бұл минералдың зерттелген температуралық диапазондардағы микротолқынды сәулеленуге жоғары төзімділігін көрсетуі мүмкін. Бұл физика-химиялық қасиеттерін өзгерту мақсатында материалдарды өңдеуге арналған УЖЖ технологияларының әлеуетін көрсетеді, сондай-ақ айтарлықтай фазалық және құрылымдық өзгерістерге қол жеткізуге болатын шарттарды анықтау үшін қосымша зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді. Мұндай зерттеулерге өңдеу параметрлерін, мысалы, сәулелену қуатын, оның әсер ету ұзақтығын немесе материалда мақсатты өзгерістерге қол жеткізу үшін модификацияланған толқын режимдерін өзгерту кіруі мүмкін.




Сурет 5. а) Бастапқы үлгінің микроструктурасы және сфалериттің 25°C температурада УЖЖ-сәулелендіргенге дейінгі энергетикалық дисперсиялық анализі


б) УЖЖ-сәулелендіргеннен кейінгі микроструктурасы және сфалериттің 250°C температурада энергетикалық дисперсиялық анализі

ба, бб және бс суреттерінде көрсетілген тәжірибелік деректер УЖЖ-өңдеу әсерінен сфалерит құрылымындағы маңызды өзгерістерді көрсетеді. ба суретінде байқалған сфалерит дәндеріндегі жарықтардың пайда болуы термоиндукциялық механикалық кернеулердің нәтижесі болып табылады. Бұл кернеулер минерал


ішіндегі температураның біркелкі емес таралуы салдарынан УЖЖ-сәулелену кезінде пайда болады. Біркелкі емес қыздыру минералдың әртүрлі аймақтарында әртүрлі дәрежедегі жылу кеңеюіне әкеледі, бұл жарықтардың пайда болуына себепші болады. 6б суретінде сфалериттің (ZnS) цинкитке (ZnO) 600°C жоғары температурада фазалық ауысуын көрсетеді (Karimi, et al., 2021; Li, et al., 2020). Бұл ауысу ауада мырыш сульфидінің тотығуы нәтижесінде пайда болады және мырыш оксиді мен мырыш сульфатының сәйкес химиялық реакцияларына әкелуі мүмкін:




Тегіс контурлармен овалды цинкит дәнінің айналасындағы үзік-үзік жиектер мен жұқа минералды емес масса фазалық ауысуды растайды. Контраст ретінде 6с суретінде УЖЖ-өңдеу нәтижесінде сфалериттегі морфологиялық және фазалық өзгерістер көрсетілген. Оларға жылулық кеңеюдің айырмашылығы мен жылулық кернеулер нәтижесінде пайда болатын ұсақталу және микро жарықтар жатады. Бұл кернеулер минерал торын бұрмалайды, морфологиялық өзгерістерге әкеледі.



(a)




(b)




Сурет 6. а) Сфалериттің 460°C температурада УЖЖ-сәулендіргеннен кейінгі микроструктурасы және энергетикалық дисперсиялық анализі; б) Сфалериттің 600°C температурада УЖЖ-сәулендіргеннен кейінгі микроструктурасы және энергетикалық дисперсиялық анализі; с) Сфалериттің 600°C температурада УЖЖ-сәулендіргеннен кейінгі микроструктурасы және энергетикалық дисперсиялық анализі

7-суретте көрсетілгендей, 650°C жоғары температураларда мырыш оксиді Fe_2O_3 -пен әрекеттесу кезінде біртіндеп феррит ($Zn \cdot Fe_2O_3$) түзеді, ол сұйылтылған қышқылдарда іс жүзінде ерімейді (Junwei, et al, 2017: 42536).




Сурет 7. Сфалериттің 700°C температурада УЖЖ-сәулендіргеннен кейінгі микроструктурасы және энергетикалық дисперсиялық анализі

Электронды-зондық микроанализатор көмегімен алынған нәтижелерден (5, 6, 7 суреттер) көріп отырғанымыздай, 250°C температурада микротолқынды күйдіргеннен кейінгі клинкер тек ZnS-тен тұрады және УЖЖ-өңдеуге дейінгі бастапқы шикізаттан іс жүзінде айырмашылығы жоқ. Бұл ZnS морфологиялық өзгерістерге немесе тотығуға ұшырауы үшін жоғары энергия қажет екенін көрсетеді, бұл ZnS физико-химиялық қасиеттеріне сәйкес келеді. УЖЖ қыздыру температурасы 460°C жеткенде сфалерит дәнінде термоиндукциялық механикалық кернеулер нәтижесінде жарықтар пайда болады. 600 °C күйдіру температурасында мырышты фазасы негізінен ZnO болып табылады. Температураны одан әрі арттырғанда және мырыш оксидінің (III) темір оксидімен термодинамикалық өзара әрекеттесу процесінде біртіндеп кешенді феррит қосылысы (ZnO·Fe₂O₃) синтезделеді (Chen, et al, 2001:241), әлсіз концентрленген қышқыл ортада жоғары химиялық төзімділікті көрсетеді. Сонымен бірге мырыш оксиді мына реакция бойынша сұйылтылған қышқылдарда жақсы ериді:



Демек, УЖЖ қыздыру арқылы клинкердің фазалық ауысу температурасы 600 °C тең болды. УЖЖ өңдеусіз бастапқы клинкерді, 460 °C температурада УЖЖ сәулеленген клинкерді, 600 °C температурада УЖЖ сәулеленген клинкерді және 700 °C температурада УЖЖ сәулеленген клинкерді салыстырдық. Шаймалау эксперименттері қатаң бірдей жағдайларда жүргізілді: H₂SO₄ концентрациясы 100 г/дм³, шаймалау уақыты – 6 сағат, араластыру жылдамдығы – 300 айн/мин, қатты заттың сұйықтыққа қатынасы 1:5 және температура 25 °C. Қалдық шаймалау өнімдері – ерітінді және тұнба сәйкесінше атом-эмиссиялық және аналитикалық талдауға ұшырады. Осы жағдайларда мырышты шығару, %: бастапқы клинкер – 21,12; УЖЖ сәулеленген клинкер (460 °C) – 23,45; УЖЖ сәулеленген клинкер (600 °C) – 46,47; УЖЖ сәулеленген клинкер (700 °C) – 5,12.

460 °C кезінде УЖЖ күйдіру электротермиялық күйдіруден жақсы нәтиже көрсетті. Мұндай тиімділік төмен күйдіру температурасында «термиялық емес микротолқынды әсерлерге» байланысты (Li, et al., 2019: 1396). Мырышты алудың ең жоғары деңгейі клинкерді 600°C температурада УЖЖ өңдеу кезінде қол жеткізілді. Процесс фазалық өзгерістермен қатар жүреді (8-сурет).



Сурет 8. Күкірт қышқылымен шаймалау кезіндегі мырышты алудың тиімділігін салыстыру

Келесі кезеңде клинкерді 600 °С температурада пеште 5–7 минут бойы дәстүрлі электротермиялық күйдірумен және осындай жағдайларда УЖЖ-күйдірумен салыстыру жүргізілді. Дәстүрлі қыздыру әдісінде жылу беру материалдың беткі қабатынан тереңдігіне қарай жүзеге асырылады, бұл процестің тиімділігінің төмендігіне әкеледі (Li et al., 2019: 61). Тіпті күйдіру уақытын 15 минутқа дейін арттыру қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермеді: мырыш алу дәрежесі 21,19 % құрады, ал УЖЖ-күйдіруді пайдаланып, өңдеу уақытын екі есе азайтқан кезде көрсеткіш 46,47% жетті. Бұл дәстүрлі қыздыру кезінде мырышқа айналмаған сфалериттің айтарлықтай бөлігі сақталатынын, мүмкін жеткіліксіз уақыттың әсерінен екенін көрсетеді. 600 °С температурадағы микротолқынды күйдіру дәстүрлі электротермиялық күйдірумен немесе УЖЖ-өңдеусіз бастапқы шикізатпен салыстырғанда екі есе көп (немесе 219,3% артық) мырыш алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Бұл зерттеуде клинкерден мырышты тиімді алу УЖЖ сәулелену көмегімен жүзеге асырылды. Алу процесі екі процедуранан тұрады: УЖЖ сәулелену арқылы фазалық ауысу және H_2SO_4 арқылы шаймалау. Электронды-зондтық микроанализатордың нәтижелері УЖЖ сәулелену мырыш сфалеритінің (ZnS) қатты фазасын цинкитке (ZnO) айналдыруға және ферриттің ($ZnO \cdot Fe_2O_3$) түзілуін тежеуге ықпал ететінін көрсетеді. Берілген жағдайларда, 600 °С температурада 5–7 минут бойы микротолқынды күйдіру, H_2SO_4 концентрациясы 100 г/дм³, шаймалау уақыты – 6 сағат, араластыру жылдамдығы – 300 айн/мин, қатты заттың сұйықтыққа қатынасы 1:5 және температурасы 293 К кезінде мырышты шығару 46,47% жетугі мүмкін. Бұл жұмыста техногендік қалдықтар жиналған

аудандардағы экологиялық жағдайды жақсартуға, алынған түсті және асыл металдар ассортиментін байытуға, сондай-ақ әртүрлі шикізат түрлерін өңдеу үшін әзірленген технологияларды бейімдеуге ықпал ететін дәстүрлі емес көздерден мырышты алу үшін экологиялық қауіпсіз әдістерді қолданудың елеулі әлеуеті көрсетілген.

References

- Akhtamov F.E., Nishonov B.U. (2016). On the issue of processing zinc cakes. *Theory and Technology of Metallurgical Production*, 1(18), pp. 69–72.
- Beisembaev B.B., Kenzhaliyev B.K., Gorkun V.I., Govyadovskaya O.U., Ignatyev M.M. (2002). Deep processing of lead-zinc ores and intermediary products with receiving of products with increased marketability. *Almaty*, p. 220.
- Bruell G., Idzik P., Reichel W. (2022). Traveling waves for a quasilinear wave equation.
- Chen H.-K., Yang C.-Y. (2001). A study on the preparation of zinc ferrite. *Scandinavian Journal of Metallurgy*, 30(4), pp. 238–241.
- Esezobor D.E., Balogun S.A. (2006). Zinc accumulation during recycling of iron oxide wastes in the blast furnace. *Ironmaking & Steelmaking*, 33, pp. 419–425.
- Feng D., Bai L., Xie H., Tong X. (2019). Study on separation of low-grade zinc oxide ore with sulfurization-amination flotation. *Physicochemical Problems of Mineral Processing*, 55, pp. 1082–1090.
- Hamidi A., Nazari P., Shakibania S., Rashchi F. (2023). Microwave Irradiation for the Recovery Enhancement of Fly Ash Components: Thermodynamic and Kinetic Aspects. *Chemical Engineering and Processing*. 191, p. 109472.
- Information Agency INSIDER. Observed growth in zinc prices on the London Metal Exchange (LME) market overview.
- Jirauschek C., Haider M. (2021). Traveling wave effects in microwave quantum photonics.
- Junwei H., Liu W., Zhang T., Xue K., Li W., Fen J., Qin W. (2017). Mechanism study on the sulfidation of ZnO with sulfur and iron oxide at high temperature. *Scientific Reports*, 7(1), p. 42536.
- Kalebic D., Dehaen W., Spooren J. (2022). Additive-free aqueous extraction of copper and zinc from sulfidic tailings using fast microwave-assisted pre- and post-treatments. *Industrial & Engineering Chemistry Research*, 61, pp. 13303–13313.
- Kamariah N., Kalebic D., Xanthopoulos P., Blannin R., Araujo F.P., Koelewijn S.F., Spooren J. (2022). Conventional versus microwave-assisted roasting of sulfidic tailings: mineralogical transformation and metal leaching behavior. *Minerals Engineering*, 183, p. 107587.
- Kaplunov D.R. (2011). Rationale for the role and significance of geotechnological modules in the design of combined development of ore deposits. In *Combined Geotechnology: Comprehensive Development and Preservation of the Earth's Subsoil*. Magnitogorsk State Technical University. Magnitogorsk, Russia, pp. 12–22.
- Karimi S., Rashchi F., Ghahreman A. (2021). The evaluation of sphalerite surface formed during oxidative leaching in acidic ferric sulfate media. *Journal of Sustainable Metallurgy*.
- Klein S.E., Kozlov P.A., Naboychenko S.S. (2009). Extraction of zinc from ore raw materials. *Ural State Mining University*. Yekaterinburg, Russia, p. 492.
- Kolesnikov A., Fediuk R., Kolesnikova O., Akhmetova E., Shal A. (2022). Processing of waste from enrichment with the production of cement clinker and the extraction of zinc. *Materials*, 15, p. 324.
- Kozlov P.A. (2020). Extraction of a Range of Non-Ferrous and Rare Metals from Industrial Waste: Physico-Chemical Basis and Technical Solutions. *Tsvetnye Metally*. 5, pp. 28–36.
- Kumar P., Ingle A., Jhavar S. (2019). Parametric review of microwave-based materials processing and its applications. *Journal of Materials Research and Technology*, 8(3), pp. 3306–3326.
- Lachana D.T., Mishra R.R. (2022). Microwave processing of materials.
- Li H., Shi S., Lin B., Lu J., Lu Y., Ye Q., Wang Z., Hong Y., Zhu X. (2019). A fully coupled electromagnetic, heat transfer, and multiphase porous media model for microwave heating of coal. *Fuel Processing Technology*, 189, pp. 49–61.

Li H.X., Li B.W., Deng L.B., Xu P.F., Du Y.S., Ouyang S.L., Liu Z.X. (2019). Evidence for non-thermal microwave effect in processing of tailing-based glass-ceramics. *Journal of the European Ceramic Society*, 39, pp. 1389–1396.

Li Y., Tan W., Wu Y. (2020). Phase transition between sphalerite and wurtzite in ZnS optical ceramic materials. *Journal of the European Ceramic Society*.

Liu J., Li S., Zhang L., Yang K. (2023). Application of the microwave and ultrasonic combined technique in the extraction of refractory complex zinc ore. *Metals*, 13(2), p. 356.

Luo J. (2022). Processing of composite materials using microwave energy. pp. 223–234.

Naboychenko S.S., Karelov S.V., Mamayachenkov S.V., Yakornov S.A. (1997). Complex processing of zinc-containing technogenic wastes of Ural copper smelting enterprises. *Mining Journal*, 11–12, pp. 250–255.

Okress. (1971). *Microwave Power Engineering*. Edited by Mir. Moscow, Russia, p. 272.

Present Situation and Prospect about Comprehensive Utilization of Zinc Kiln Slags. (2008). *Multipurpose Utilization of Mineral Resources*, 6, pp. 44–48.

Ramesh S., Teng W.D., Sopyan I., Bang L.T., Sarhan A.A. (2018). Comparison between microwave and conventional sintering on the properties and microstructural evolution of tetragonal zirconia. *Ceramics International*, 44(8), pp. 8922–8927.

Singh C., Khanna V., Singh S. (2022). Sustainability of microwave heating in materials processing technologies. *Materials Today: Proceedings*.

Soni A., Smith J., Thompson A., Brightwell G. (2020). Microwave-induced thermal sterilization: A review on history, technical progress, advantages, and challenges as compared to conventional methods. *Trends in Food Science & Technology*, 97, pp. 433–442.

Title in English: (2020). Annually, Kazakhstan Produces 300 Thousand Tons of Zinc and 150 Thousand Tons of Lead.

Title in English: (2019). Review of Price Dynamics for Key Products in the Mining and Metallurgical Sector.

U.S. Geological Survey. *Mineral Commodity Summaries* (2020). U.S. Geological Survey. p. 200.

Wei W., Shao Z., Zhang Y., Qiao R., Gao J. (2019). Fundamentals and applications of microwave energy in rock and concrete processing – A review. *Applied Thermal Engineering*, 157, p. 113751.

Wong P., Zhang P., Luginsland J.W. (2020). Recent theory of traveling-wave tubes: A tutorial-review.

Yang C., Sun B. (2021). Modeling, optimization, and control of zinc hydrometallurgical purification process. In *Emerging Methodologies and Applications in Modelling, Identification and Control*. pp. 213–221.

Yessengaziyev A., Kenzhaliyev B., Berkinbayeva A., Sharipov R., Suleimenov E. (2017). Electrochemical extraction of Pb and Zn from a collective concentrate using a sulfur-graphite electrode as a cathode. *Journal of Chemical Technology and Metallurgy*, 52(5), pp. 975–980.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224–5286

Volume 4, Number 461 (2024), 111–128

<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1491.253>

IRSTI 61.13.03

UDC 66.045.123

**D.M. Kenzhebekov¹, A.Ye. Khussanov^{1*}, I. Iristaev¹, A. Zholshybek¹,
D.Zh. Dzhanabayev², 2024.**

¹M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

²Shymkent University, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: khusanov_1975@inbox.ru

MULTIPHYSICAL MODELING OF A PIPE-IN-PIPE HEAT EXCHANGER WITH A FLOW INTENSIFIER IN THE FORM OF A TWISTED PROFILED STRIP

Kenzhebekov Doskhan Mukhitzhanuly – PhD Doctoral student, teacher, Department of Technological Machines and Equipment, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; doskhan_349@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6367-5975>;

Khussanov Alisher Yevadilloevich – Candidate of technical sciences, Associate Professor, Department of Technological Machines and Equipment, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; khusanov_1975@inbox.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1563-6437>;

Iristaev Iskandarbek – master, engineer of the laboratory “Multiphysical modeling of structures, devices and processes”, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; iskander_777_111@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-3255-4602>;

Zholshybek Ayan – PhD Doctoral student, teacher, Department of Technological Machines and Equipment, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; ayan-97.zh@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4535-9730>;

Dzhanabayev Dauren Zhumagalievich – PhD of Shymkent University, Shymkent, Kazakhstan; janabaev19@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6522-0536>.

Abstract: The article discusses the multiphysical modeling of a pipe-in-pipe heat exchanger using a flow intensifier in the form of a twisted profiled strip. The introduction presents the results of an analysis of the literature on the presented topic, the method of multiphysical modeling of the heat exchanger pipe-in-pipe is presented. The results of numerical researches of heat transfer and friction coefficient under twisted flow conditions using CFD-modelling with the software complex COMSOL multiphysics 6.1 are presented. The data obtained as a result of CFD modeling were compared with the literature data, the data obtained show that the heat transfer coefficient and the coefficient of friction increased significantly in a pipe equipped with a flow intensifier in the form of a twisted profiled strip. The analysis conducted is aimed at evaluating the efficiency of heat exchange and optimizing the design of the apparatus. The use of a twisted strip

as a flow intensifier allows to significantly improve heat exchange characteristics by improving turbulence and reducing temperature gradients. The modelling was carried out using numerical methods, which allows to take into account the complex interaction of thermal and hydraulic processes. The results of the research show that optimizing the size and location of the intensifiers can lead to further improvement of heat exchange characteristics. The results of the research show that optimizing the size and location of the intensifiers can lead to further improvement of heat exchange characteristics.

Keywords: CFD modeling, intensification, heat transfer, multiphysical modeling, heat exchanger, pipe in pipe, flow intensifier, twisted profiled strip.

**Д.М. Кенжебеков¹, А.Е. Хусанов^{1*}, И. Иристаев¹, А. Жолшыбек¹,
Д.Ж. Джанабаев², 2024.**

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

²Шымкент Университеті, Шымкент, Қазақстан.

E-mail: khusanov_1975@inbox.ru

БҰРАЛҒАН ПРОФИЛЬДІ ЖОЛАҚ ТҮРІНДЕГІ АҒЫН ИНТЕНСИФИКАТОРЫМЕН «ҚҰБЫР ІШІНДЕГІ ҚҰБЫР» ЖЫЛУАЛМАСУ АППАРАТЫН МУЛЬТИФИЗИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Кенжебеков Досхан Мухитжанулы – PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: doskhan_349@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6367-5975>;

Хусанов Алишер Евадиллоевич – техника ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті, Шымкент, Қазақстан, E-mail: khusanov_1975@inbox.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1563-6437>;

Иристаев Искандарбек – магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Конструкцияларды, құрылғылар мен процестерді мультифизикалық модельдеу» зертханасының инженері, Шымкент, Қазақстан, E-mail: iskander_777_111@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-3255-4602>;

Жолшыбек Аян – PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: ayan-97.zh@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4535-9730>;

Джанабаев Даурен Жумагалиевич – Шымкент университетінің (PhD) докторы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: janabaev19@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6522-0536>.

Аннотация. Мақалада бұралған профильді таспа түріндегі ағынды күшейткіштің көмегімен «құбыр ішіндегі құбыр» жылу алмастырғышты мультифизикалық модельдеу қарастырылады. Кіріспеде ұсынылған тақырып бойынша әдебиеттерді талдау нәтижелері келтірілген, «құбыр ішіндегі құбыр» жылу алмастырғышты мультифизикалық модельдеу әдістемесі ұсынылған. COMSOL multytpysics 6.1 бағдарламалық кешенін, CFD модельдеуді пайдалана отырып, бұралған ағын жағдайында жылу беру сипаттамалары мен үйкеліс коэффициентін сандық зерттеу нәтижелері ұсынылған. CFD модельдеуінен

алынған мәліметтер әдеби деректермен салыстырылды, алынған мәліметтер жылу беру коэффициенті мен үйкеліс коэффициенті бұралған профильді жолақ түріндегі ағын күшейткішімен жабдықталған құбырда айтарлықтай өскенін көрсетеді. Жүргізілген талдау жылу алмасудың тиімділігін бағалауға және аппарат құрылымын оңтайландыруға бағытталған. Бұралған жолақты ағынды күшейткіш ретінде қолдану турбуленттілікті жақсарту және температура градиенттерін азайту арқылы жылу алмасу өнімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Модельдеу жылулық және гидравликалық процестердің кешенді өзара әрекеттесуін ескеруге мүмкіндік беретін сандық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері күшейткіштердің көлемі мен орналасуын оңтайландыру жылуалмасу сипаттамаларын одан әрі жақсарту мүмкін екенін көрсетеді. Алынған нәтижелер энергетика мен мұнай-химияны қоса алғанда, әртүрлі салаларда тиімдірек жылу алмастырғыштарды жобалау үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: CFD модельдеу, интенсификация, жылу алмасу, мультифизикалық модельдеу, жылу алмастырғыш, құбыр ішіндегі құбыр, ағын күшейткіші, бұралған профильді жолақ.

**Д.М. Кенжебеков¹, А.Е. Хусанов^{1*}, И. Иристаев¹, А. Жолшыбек¹,
Д.Ж. Джанабаев², 2024.**

¹Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан;

²Шымкентский Университет, Шымкент, Казахстан.

E-mail: khusanov_1975@inbox.ru

МУЛЬТИФИЗИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ТЕПЛОБМЕННОГО АППАРАТА «ТРУБА В ТРУБЕ» С ИНТЕНСИФИКАТОРОМ ПОТОКА В ВИДЕ ВИТОЙ ПРОФИЛИРОВАННОЙ ЛЕНТЫ

Кенжебеков Досхан Мухитжанулы – PhD докторант, преподаватель кафедры «Технологические машины и оборудование» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: doskhan_349@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6367-5975>;

Хусанов Алишер Евадиллоевич – кандидат технических наук, доцент кафедры «Технологические машины и оборудование» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: khusanov_1975@inbox.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1563-6437>;

Иристаев Искандарбек – магистр, инженер лаборатории «Мультифизического моделирования конструкций, устройств и процессов» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: iskander_777_111@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-3255-4602>;

Жолшыбек Аян – PhD докторант, преподаватель кафедры «Технологические машины и оборудование» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: ayan-97.zh@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4535-9730>;

Джанабаев Даурен Жумагалиевич – PhD, Шымкентский университет, Шымкент, Казахстан, E-mail: janabaev19@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6522-0536>.

Аннотация: В статье рассматривается мультифизическое моделирование теплообменного аппарата «труба в трубе» с использованием интенсификатора

потока в виде витой профилированной ленты. Во введении приведены результаты анализа литературы по представленной тематике, представлена методика мультифизического моделирования теплообменника «труба в трубе». Представлены результаты численных исследований характеристик теплопередачи и коэффициента трения в условиях закрученного потока с использованием CFD –моделирования с использованием программного комплекса COMSOL multyphysics 6.1. Данные, полученные в результате CFD-моделирования, были сверены с литературными данными, полученные данные показывают, что коэффициент теплопередачи и коэффициент трения значительно увеличились в трубе, оснащенной интенсификатором потока в виде витой профилированной ленты. Проведенный анализ направлен на оценку эффективности теплообмена и оптимизацию конструкции аппарата. Применение витой ленты как интенсификатора потока позволяет существенно повысить теплообменные характеристики за счёт улучшения турбулентности и уменьшения градиентов температуры. Моделирование выполнено с использованием численных методов, что позволяет учесть комплексное взаимодействие тепловых и гидравлических процессов. Результаты исследования показывают, что оптимизация размеров и расположения интенсификаторов может привести к дальнейшему улучшению теплообменных характеристик. Полученные данные могут быть полезны для проектирования более эффективных теплообменников в различных отраслях, включая энергетику и нефтехимию.

Ключевые слова: CFD моделирование, интенсификация, теплообмен, мультифизическое моделирование, теплообменный аппарат, труба в трубе, интенсификатор потока, витая профилированная лента.

Introduction.

The heat exchanger is classified according to the transfer process, the amount of liquids, the degree of surface sealing, the design, the location of the flows, the heat transfer mechanism. Industrial enterprises assign heat exchangers depending on cost, high/low pressure limits, thermal characteristics, temperature range, liquid throughput, degree of purification. Heat exchangers, and especially double-pipe heat exchangers, play an important role in industrial and engineering applications such as air conditioning systems, petrochemical industry, power plants, refrigeration equipment, solar water heaters, The reprocessing industry, chemical and nuclear reactors. Due to this variety of applications, convective heat transfer in heat exchangers has been investigated in several studies over the past decades, and various methods of improving heat transfer have been presented to improve the overall heat transfer efficiency of heat exchangers. The use of a double pipe with lattice strip inserts (Quadir, et al, 2014), a finned double pipe (Gao, et al, 2015), a double pipe filled with metal foam (Shirvan, et al, 2016), and spiral wires in two-tube heat exchangers (Zhang, et al, 2023) are some of these methods. In addition, the special properties of nanofluids have been the subject of interest in a number of studies aimed at improving heat transfer for other applications (Yaday, et al, 2019). Among the previously studied researches of the efficiency of

heat transfer in heat exchangers, the following studies can be mentioned: Singh and co-authors (Singh, et al, 2020) conducted an experimental study of the efficiency of heat transfer, coefficient of friction, specific heat capacity and viscosity of a two-tube heat exchanger with countercurrent motion. They found that the heat transfer of the working fluid can be enhanced by increasing the Reynolds number or the percentage of nanomaterials. An experimental research of the effect of intermittent spiral turbulators on the flow and heat transfer characteristics in a two-tube water-air heat exchanger was carried out by Sheikholeslami and co-authors (Sheikholeslami, et al, 2016). The results showed that increasing the coefficient of the open surface and the angle of inclination reduces the coefficient of friction and the Nusselt number. In addition, thermal performance improves with an increase in the coefficient of the open surface, but decreases with an increase in the angle of inclination. Nakhchi et al. (Nakhchi, et al, 2020) conducted a numerical research of a multi-criteria analysis of the design of two-tube heat exchangers of a new shape (conical). This article analyzes the influence of hydraulic, geometric and thermodynamic characteristics. Under optimal conditions, the results showed a 55% increase in efficiency and a 40% improvement in heat transfer. It should be noted that when choosing in practice one or another method of heat transfer intensification, it is necessary to take into account not only the efficiency of the surface itself, but also its versatility for various single-phase and two-phase heat carriers, the manufacturability of the surface, the manufacturability of the heat exchanger assembly, strength requirements, surface contamination, operating characteristics, etc. All these circumstances significantly reduce the possibility of choosing one of the numerous methods of intensification studied (Syah, et al, 2022; Kassymov, et al, 2023).

The rapid development of computer technology and methods for numerically solving problems of heat transfer and hydrodynamics using multiphysical modeling programs has led to the fact that in many fields of science and technology, the results of multiphysical modeling of heat transfer and mass transfer processes become an essential element (Krutova, et al, 2020).

The study presents the results and conclusions obtained as a result of a study of the performance and optimization of a two-tube heat exchanger. Numerical modelling using ANSYS Fluent has successfully predicted the temperature of both hot and cold liquid outlet (Urvija, et al, 2024).

The results obtained by modeling make it possible not only to correctly comprehend and understand the physical effects observed on experimental devices, but also in certain cases to completely replace the natural experiment with computer modeling (Pulin, et al, 2024).

Currently, CFD packages for calculating heat transfer, mass transfer and hydrodynamics are widely used for engineering calculations and research. All CFD packages consist of preprocessors, a solver, and a postprocessor (Mukhametzhanov, et al, 2017).

As can be seen from the analysis of scientific and technical literature, heat exchangers with various flow intensifiers are currently of interest from the point of view of the development of heat exchange equipment, since they have higher efficiency. Thus, the

multiphysical modeling and study of heat transfer processes in such devices is an actual task (Tsvetova, 2022; Abiev, 2002).

The purpose of this work is to research the effectiveness of a flow intensifier in the form of a twisted profiled strip using the COMSOL multiphysics software complex (Electronic resource Comsol 6.1., 2022).

To achieve this objective, it is necessary to solve the following tasks:

- construction of three-dimensional models of a heat exchanger with a flow intensifier in the form of a twisted profiled strip;
- numerical modeling of heat transfer in the tube and inter-tube areas of the apparatus with a flow intensifier in the form of a twisted profiled strip of the “pipes in a pipe” type;
- determination of thermal and hydraulic characteristics;
- evaluation and analysis of the results obtained.

Materials and methods.

For the multiphysical modeling of the pipe-in-pipe heat exchanger, the type of intensifier in the form of a profiled twisted strip installed inside the flow part of the pipe with a given pitch is studied; the profiled twisted strip located with a certain pitch and the flow part of the pipe are shown in Figure 1. The step between the turbulators in the studied cases was chosen for reasons of ensuring the maximum intensity of heat transfer according to the recommendations of the work (Jithin, et al, 2020) and is $t = 40$ mm, and the twist angle of the twisted strip is 360° . The length of the section L in numerical researches was 150 mm. The heat exchanger operates in parallel flow mode, i.e. the cooled and heated flow moves in the same direction. In numerical modeling, the physical constants of water viscosity were equated, respectively, to heating temperatures in a smoothed tabular reference manner: at 20°C — 1,002 MPa·s; at 40°C — 0,653 MPa·s; at 60°C — 0,467 MPa·s; at 100°C – 0,282 MPa·s. The specific heat capacity of water was taken at a temperature of 25°C $c=4180$ J/kg °C.




Figure 1 – 3D model of a “pipe in pipe” heat exchanger with a flow intensifier in the form of a twisted profiled strip

When solving any problem, the aim is always to find a solution in some computational domain. As a rule, the size and shape of the computational domain are naturally determined by the problem under research. The creation and generation of a grid of the computational domain is an essential component of every engineering calculation where software packages based on CFD technology are used. The size of the calculated model grid directly affects the accuracy of the final results, the speed of calculation and accuracy (Figure 2).




Figure 2 – Model grid *Mesh* of the heat exchanger

